

Сыр бойы




№70
(19553)
17 МАМЫР,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ



Арал теңізінің тұздануы мен «Байқоңыр» кешеніндегі гептил отынын пайдаланбау туралы мәселелерді «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі селекторлық кеңестің кезекті отырысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев көтерді. Аталған кеңестің отырысы ҚР Премьер - Министрі Б.Сағынтаевтың төрағалығымен өтті.

Сонымен қатар, кеңесте Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың 2013-2020 жылдарға арналған іс-шара жоспарын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Күн тәртібі бойынша облыс әкімі аталған іс-шара жоспарының іске асырылуы туралы баяндады.

Аймақ басшысы назар аударған басты мәселелердің бірі – «Арал дағдарысы».

«6 млн гектардан асатын аймақ шөлге, тұзды тозаң көзіне айналды. Теңіз ұтпанынан жыл сайын ондаған миллион тонна тұзды шаң бұлттары мен улы тұз, құм көтеріледі. Егістіктерді шайған сумен бірге түсетін миллиардтаған тонна улы тұздар, пестицидтер, гербицидтер Арал теңізінде жинақталған», – деді Қ.Көшербаев.

Осы жағдайда Елбасының бастамасымен жүзеге асқан Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасының бірінші бөлігін іске асыру нәтижесінде Арал өңірінің экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайы едәуір жақсарды, депрессивтік аймақ даму жолына түсті. Қазір облыс экологиялық ахуалы одан әрі жақсартуға және Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі Тұжырымдамасын іске асыруға баса назар аударып отыр.

«Бұл үшін Арал өңірінің халқы Елбасына шексіз алғысын білдірде. Бүгінгі таңда, аталған жобаны жалғастыру туралы Президенттің берген тапсырмасын орындау үшін біз Үкіметтің қолдауымен қажетті жұмыс атқарудамыз», – деп атап өтті облыс әкімі.

Өңірдегі тағы бір маңызды мәселе – суармалы жер.

«Өздеріңіз білетіндей, облыстың ауыл шаруашылығы толығымен суармалы жүйеге негізделген. Соның себебінен егістік жерлерде жерасты суларының жақын болуы салдарынан тұздану процесі қатар жүреді. Бұл Аралдың проблемаларына қоса біз үшін тағы бір үлкен қиындықтар туғызуда. Сондықтан, жердің тұздануын болдырмау үшін егістік жерлердің мелиорациялық жағдайын жақсарту шаралары қабылданды», – деп толықтырды аймақ басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, наурыз айында облысқа ҚР Премьер-Министрі Б.Сағынтаев бастаған үкіметтік делегация жұмыс сапа-



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАСТЫ НАЗАРДА

рымен келді. Сол сапар барысында облыс әкімі суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іске асыру мәселелері туралы айтқан еді. Нәтижесінде 188 мың гектар суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын халықаралық қаржы ұйымдардың заемдары арқылы жақсарту жөнінде шешім қабылданды. Олардың ішінде биылдан бастап 15 мың гектар жерде жұмыстар басталады.

Сондай-ақ, облыс әкімі «Байқоңыр» ғарыш кешенінде гептил улы және зиянды зымыран отынын пайдалануы да өңір экологиясына кері әсерін тигізетінін айтып өтті.

«Бұл мәселені шешуде Байқоңыр кешені жөніндегі Қазақстан мен Ресей үкіметаралық

комиссиясының аясында «Байқоңыр» ғарыш кешенінен гептилді пайдаланатын «Протон» зымыран тасығыштарының ұшырылуымы қысқартылып, 2026 жылы оларды мүлдем ұшырмау туралы шешім қабылданды», – деп хабарлаған облыс әкімі, Үкімет басшысына осы мәселені шешудегі өңір басшылығының ұстанымын қолдағаны үшін алғыс білдірді.

Бүгінде облыста экологиялық ахуалды жақсартып, жасыл экономикаға көшу мәселесінде атқарылған іс аз емес.

Атап айтқанда, соңғы үш жылда Сырдария өзенінде екі үрлемелі су тоспасы салынды. Нәтижесінде су аз жылдардың өзінде, жалпы аумағы 60 мың гектардан асатын Жанакорған және Шиеді аудандарының егіс алқабын

тұрақты суландыруға және 1,5 млрд текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, 2018 жылдан бастап 3 млрд текше метр тасқын су жинайтын 6 су қоймасын салу жоспарланып отыр.

Өзекті мәселенің тағы бірі – ауыз су. Аткарылып жатқан жұмыстар нәтижесінде облыс халқының 95 проценті орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған (2012 жылы бұл көрсеткіш 69 %-ті құраған). Облыс орталығы – Қызылорда қаласы 2015 жылдан бастап толығымен жерасты су қорын пайдалануға көшті.

2-бет

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚЫЗЫЛОРДАДА ШЕБЕРЛІК БАЙҚАСТЫ

Биылғы Астана қаласының – 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығы секілді тарихи мәні зор мерекелердің қарсаңында сол жағалаудағы құрылыс алаңында «Құрылысшылардың кәсіби шеберлігі» тақырыбында республикалық конкурсы ұйымдастырылды. Оған еліміздің әр аймағынан кәсіби құрылысшылар келіп қатысты.



Шараны облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқаков ашты.

– Құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасында облысымызда және Қазақстанның өзге аймақтарында ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, заманауи нысандар салынууда. Өздеріңіз көріп отырғандай, Қызылордада Сырдарияның сол жағалауында 15 шағын аудан, әлеуметтік және бизнес-нысандарды қамтитын жаңа қала бой көтеруде. Осы байқауды біз Астана қаласының – 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай, сондай-ақ, жұмысты мамандықтарды насихаттау мақсатында ұйымдастырдық. Кәсіби шеберлік байқауына еліміздің барлық аймақтарынан құрылысшылар қатысуда», – деді Қуанышбек Ысқаков.


Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау барысында барлық тапсырмаларды дұрыс орындаумен қатар қауіпсіздік шараларын сақтау және шығармашылық көзқарас есепке алынды.

Конкурстың қорытындысымен, «Үздік қалаушы» номинациясы бойынша бірінші орынды Айжарық Ниязов (Атырау облысы), екінші орынды Зердбек Искалиев (Батыс

Қазақстан облысы), үшінші орынды Бауыржан Чунетов (Манғыстау облысы) иеленді. Ал «Үздік сылақшы» номинациясында бірінші орынды Нина Дерксен (Қарағанды облысы) жеңіп алса, екінші орын Еркемай Темірғалиеваға (Павлодар облысы), үшінші орын Ғани Елғожинге (Жамбыл облысы) бұйырды. Жеңімпаздарға диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Бүгінде Қызылорда қаласының сол жағалауы қарқынды құрылыс алаңына айналды. Жаңа қалада 1925 жылы ұлтымызға «казак» атауын қайта беру туралы тарихи шешім қабылданған Қазақ Орталық атқару комитетінің ғимараты сызбасымен салынған «Рухани жаңғыру» орталығы бой көтерген. Қазіргі таңда мұнда салынып жатқан 18 көпқабатты тұрғын үй қала күніне орай пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, 320 орындық балабақша, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, жастар ресурстық орталығы, емхана, Неке сарайы мен өзге де әлеуметтік нысандардың іргетасы қаланды.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы».



ИНТЕРНЕТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

2018 жылғы 17 мамырда сағат 10.00-15.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі К.Е. Көшербаевтың қатысуымен «Ауыл шаруашылығы саласының дамуындағы мемлекеттік қолдаудың рөлі» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ТАЛПЫНЫС ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕДІ

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде агроөндіріс секторында дамудың тұрақты тенденциясы қалыптасты. Соңғы бес жылда ауыл шаруашылығы айналымына 274 мың гектар жер телімі тартылды. Осы жылдарда сала кешенінің негізгі капиталына 11 млрд теңгеге инвестиция құйылған. Егер 2013 жылы ауылшаруашылық өнімін өндірушілеріне бар болғаны 215 млн теңге бөліссе, тек өткен 2017 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 5 млрд теңгеден асты. Бұл мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің өнім өндіру және қаржылық мүмкіндіктері бірнеше еселеп артып, дамығанын көрсетеді.

Аймақтың негізгі егіншілік саласында әртараптандыру бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. Соңғы үш жылда дақылдар көлемі 6 мың гектарға ұлғайды. Өткен кезеңдерге қарағанда картоп, көкөніс және бақша өндірісі қарқынды дами түсті. Мұның өзі нақтылы жемісін беріп, өткен жылы ауыл шаруашылығы өндірісінің өнім өсімі 4,1 процентке артты.

Сыр бойының басты брэнді – күріштің гектар түсімділігі 7,6 центнерге көтерілуі есебінен өнім көлемі екі есе ұлғайды. Өткен жылы кезекті рекорд жаңарып, бұрын-соңды болмаған 502 мың тонна өнім жиналды. Күрішті экспортқа шығару жұмыстары жалғастырылуда.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ЖӨНЕ ОНДАҒАН НЕСИЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНАН ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРІП ОТЫР. БІР ҒАНА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУЫҒА СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА САЛАҒА ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ 23 ЕСЕГЕ ҰЛҒАЙҒАН. АЛ ОБЛЫСТА МАЛ БАСЫ ӨТКЕН ҒАСЫРДАҒЫ ЕҢ КӨП БОЛҒАН УАҚЫТЫ – 1993 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА – 29,6 ПРОЦЕНТ, ЖЫЛҚЫ – 50,4 ПРОЦЕНТ, ТҮЙЕ САНЫ 52,5 ПРОЦЕНТКЕ КӨБЕЙГЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРДА ЕТ ӨНДІРУ 2,8 ЕСЕГЕ, СҮТ ӨНДІРУ 1,6 ЕСЕГЕ АРТҚАН. ОБЛЫС МАЛШЫЛАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК «СЫБАҒА», «ҚҰЛАН», «АЛТЫН АСЫҚ» ЖӘНЕ БАСҚА БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ТӨРТ ТҮЛКІ САНЫН АРТТЫРЫП, ОНЫҢ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДЕ ҚОЛДАУ ТАУЫП ОТЫР.



Ауыл шаруашылығы кооперациялары арқылы соңғы жылдары мал шаруашылығын дамыту жаңаға қарқын алды. Соңғы бір жарым жылда құрылған 84 кооперативтің 70-тен астамы ет-сүт өндіру бағытында жұмыс істеді. Бұл ең алдымен өзіміз тұтынатын азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негіз қалайды. Өткен жылдан бастап бұферлік аймақтан шығуымызға байланысты мал шаруашылығы өнімдерін Араб Әмірліктері мен Иран, Монғолия елдеріне экспортқа шығаруға мүмкіндік алдық. Соңғы жылдары сала өнімдерін экспортқа шығару 37 процентке өсіп, оның ішінде күріш, бақша, көкөніс өнімдерін сыртқа тасымалдау артты.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫНА АЙНАЛДЫ. БАЛЫҚ АУЛАУ СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА ЕКІ ЕСЕ КӨБЕЙІП, 8 МҮҢ ТОННАҒА ЖЕТТІ. БҮГІНГІ ТАҢДА ОНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ КӨЛЕМІ ТЕҢ ЖАРЫМНА ЖУЫҚТАП, ТМД ЖӘНЕ ЕУРОПА НАРЫҒЫНАН ОРЫН АЛА БАСТАДЫ. «БАЙҚОҢЫР» ӘКС КҮРПІ ЖӘНЕ БАЛЫҚ КІАСТЕРІН ДАМУҒА МЕН МАЛ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДЕ САЛА ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ТҰРАҚТЫ ӨРІПТЕСТІК ОРНАТЫП КЕЛЕДІ.

Облыста агроөнеркәсіпті кешенді дамытудың 2020 жылға дейінгі агрокартасы жасалған. Жоспар бойынша 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығының жалпы өнімін арттыру 2,4 есеге, оның экспортын ұлғайту 5 есеге межеленіп отыр. Бүгінгі таңда мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде салада атқарылып жатқан жұмыстар бұл көрсеткіштерге қол жеткізуге толық мүмкіндік береді.

Ж.ӘБІШОВ.

БАСПАСӨЗ - 2018

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2018 жылдың екінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.



Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

БАСПАСӨЗ ТАРАТУ БӨЛІМІ - 40-05-81.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАСТЫ НАЗАРДА

1-бет

«Жасыл экономика» тұжырымдамасына сай ауыл шаруашылығы саласында да оң өзгерістер бар. Облыстың агроөнеркәсіптік кешені дамудың 2016-2020 жылдарға арналған «Агрокартасын» әзірлеп, онда егіс алқаптарын әртараптандыру, прогрессивті суару әдістерін пайдалану, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі инновациялық жобаларды өндіріске енгізу, сырттан жоғары өнімді мал сатып алуды ұйымдастыру арқылы репродукторлық шаруашылықтар құру, ет, сүт, жүн, тері, көкөніс, бақша өндірумен қатар, оларды терең өңдеуді ұйымдастыру бағытында іс шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылуда.

Күрші шаруашылығында сапалы тұқым, жоғары технологиялық ауыл шаруашылығы техникаларын пайдалану арқасында күрші өндірісінде соңғы 5 жыл қатарынан рекордтық өнім алынууда (2017

жылы – облыс бойынша әр гектардан 55,3 центнер). Нәтижесінде күрші өндірісі 1,5 есеге артты.

Жасыл экономикаға көшу бағытында аймақта атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндаған облыс әкімі энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру мақсатындағы шараларды айтып берді. Мәселен, энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру мақсатында қыздыру шамдары жарық үнемдеу шамдарына ауыстырылып, нәтижесінде облыс бойынша көше жарығына жұмсалатын электрэнергия 12 % үнемделіп отыр.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында облыс бойынша 14,4 шақырым жылу жүйелері жаңғыртылды. Нәтижесінде жылу құбырларының тозуы 48%-тен 44%-ке төмендеді.

Жанартылған энергия көздерін пайдаланушы кәсіпорындар қатары көбеюде. Жанқорған ауданындағы «СҚЗ-У» ЖШС күкірт қышқылын өндіру барысында шығарылатын буды өңдеу арқылы 12 МВт электр

энергиясы өндіріледі. Қуаттылығы 80 МВт құрайтын екі күн электр станциясы құрылысын салу үшін қажетті жер учаскелері рәсімделіп, технико-экономикалық негіздемелері әзірленуде. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы 35 шаруа қожалық күн сәулесімен жұмыс істейтін кіші электр станцияларын пайдаланады.

Аймақта жасыл экономикаға көшіп, халықтың тұрмысын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың тағы бірі – полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру. Сол үшін соңғы 3 жылда облыстық бюджеттен полигон құрылысына 246 млн теңге бөлініп, биыл 252 млн теңге қаралып отыр.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені және полигон құрылысы басталып, облыстық бюджеттен техника және сұрыптау кешенінің құрылыстарын сатып алуға 300 млн теңге бөлінді.



2014 жылдан бері елімізде «Мерейлі отбасы» байқауы өткізіліп келеді. Бұл бастама сүттей ұйып отырған отбасыларды дәріптеп, көпшілікке үлгі ету мақсатында қолға алынған болатын.



Б.НАРКЕН.

МӘСЕЛЕЛЕР РЕТІМЕН ШЕШІЛУДЕ

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының іске асырылуына нұсқау талдау және бағалау жөніндегі арнайы мониторингтік топ мүшелерінің отырысы өтті. Онда қалалық білім бөліміне және облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жүргізілген сыртқы талдау нәтижесінде берілген ұсыныстардың орындалуы талқыланды.

Отырыста Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының бас маманы Нұтман Жахуаев қалалық білім бөлімінде орын алған олқылықтар жайын сөз етті. Оның айтуынша, тәртіптік тәжірибені талдау барысында қызметкерлерге қатысты тәртіптік жазалар жиі қолданылған. Алайда, мерзімінен бұрын алынған тасталған. Мәселен, 2016 жылдың 1-наурызында 39 мектеп директорына тәртіптік жаза көрілген. Дегенмен, жаза 4 күн өткен соң, яғни 5 наурызда алынып тасталады. ҚР Еңбек кодексінің 66-бабының 2-тармағына сәйкес тәртіптік жаза

қызметкер теріс қылық жасаған күйін бастап алты ай өткеннен кейін күшін жояды. Мұнымен қоса бөлім басшысының бұйрығымен есеп бөлімінің маманына 3 жыл бұрынғы теріс қылығы үшін “сөгіс” түріндегі жаза заңсыз қолданылған. Осылайша, бөлім басшысы тарапынан ҚР Еңбек кодексінің талаптары өрескел бузылған.

– Мұның барлығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сыртқы талдау жұмыстары нәтижесінде анықталды. Бұдан бөлек бұл салада заңға сәйкес білім беру мемлекеттік ұйымдарының басшылары 3 жылда бір рет аттестаттаудан өтуі керек. Бірақ 54 мектептің басшысының аттестаттаудан өтпегендігі де белгілі болды. Сондай-ақ, бала асырап алғысы келетін адамдарды тіркеуде

артық құжаттар талап етіп отырған, – дейді бас маман.

Қазіргі кезде Қазақстанда білім беру жүйесі критерийлік бағалауға көшкені белгілі. Елімізде жыл сайын «Алтын белгі» төсбелісіне үміткерлер саны 5 мыңға жетіп, оны қорғап шығушылар 53 процентті құрайды. Бұрын осы белгі білім беру ұйымдарының ұсынысын негізінде беріліп келсе, 2017 жылдан бастап белгі иесін анықтау құзыреттілігі мектеп басшысына көшті. Баяндамашы осыдан кейін «Алтын белгі» алушылардың саны күрт өскендігін айтты.

Қалалық білім бөлімінің басшысы Ақарыс Нұрсейітов анықталған кемшіліктерді жою бағытындағы жұмыстарды айтты өтті.

– Бүгінгі күні заңға сәйкес аттестаттаудан 40 мектеп директоры өтті. Қалған 14-і белгілі себептерге байланысты босатылды. Олар директорылық лауазымға отырағына алты ай толмағандар, зейнеткерлік жасына келген, біліктілік курсынан өткен директорлар. Есепші маманға берілген жаза да өткен жылдың желтоқсан

айында алынды. Талдау жұмыстары көрсеткен барлық мәселелердің орындалуы тікелей бақылауда, – деді А.Нұрсейітов.

Жиын барысында қатысушылар тарапынан бөлім басшысына бірнеше сауалдар қойылып ұсыныстар берілді. Сұрақтардың басым бөлігі қаладағы балабақшаларға қатысты өрбіді.

Мұнан бөлек басқосула облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Ибраева, көліктік бақылау инспекциясының басшысы Ержан Жолдасов, “Қазпочта” АҚ облыстық филиал директоры Аида Әбибуллаева сыртқы талдау нәтижесі кезінде орын алған мәселелерді ортаға салды. Шара соңында сұрақтар қойылып, ұсыныстар берілді. Сала мамандары айтылған барлық ұсыныстардың назарда болатындығын жеткізді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

БРИФИНГ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН ЖОБА

Еліміздің түкпір-түкпіріндегі дәстүрлі өнші-термеші, күйшілердің басын бір арнаға тоғыстырып, әр аймақта қалыптасқан өнер мектептерінің таңдаулы туындыларын дәріптеуді мақсат ететін «MEN – QAZAQRYN» телевизиялық жобасы биылғы маусымнан бастады. Біздің облыста да іріктеу кезеңі өткізілуде, үздік шыққан өнерпаздар республикалық сында бақ сынайтын болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «QYZYORDA» телеарнасының директоры Жағалпар Қарабала хабарлады.

– «MEN – QAZAQRYN» телевизиялық жобасы үздік күйшілер

мен термешілерді іріктеп, халқымыздың төл өнерін заман талабына сай жаңғыртуды көздейді. Байқау екінші рет өткізілгені отыр. Қатысушылардың жас ерекшелігі – 18 бен 40 жас аралығы. Сахнаға шығатын өнерпаздардың киімі ұлттық үлгіде, әрі бүгінгі заман талабына сай болуы тиіс. Қазір облыста жобаға іріктеудің аудандық кезеңі басталды. Іріктеу 27 мамырға дейін жалғасады. Аудандық, қалалық кезеңнен өткен қатысушылар облыстық турда өнерін паш етеді. Оған білікті мамандардан құралған бағалау алқасы бағалау жасайды. Дәстүрлі ән, күй, терме жанры бойынша үш жеңімпаз республикалық халықаралық кезеңде облыс намысын қорғайды. Ол тамыз-қараша айы аралығында Астана қаласында өткізіледі, – деді Ж.Қарабала.



Айта кету керек, байқау барысында жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталып, жүлде иеленгендерге «Жылдың ең үздік дәстүрлі өншісі», «Жылдың ең үздік термешісі», «Жылдың ең

үздік күйшісі» атағы беріледі. Қазақ өнерінің өрісін кеңейтетін долала SMS дауыс беру арқылы «Көрермен көзайымы – 2018» аталымының да иегері анықталмақ.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

РУХАНИ КЕМЕЛДЕНЕТІН АЙ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітін бас имамы Болатбек Әбуовтің қатысуымен брифинг өтті. Онда Рамазан айына арнайы өкілдік тарапынан ұйымдастырылатын шаралар сөз болды.

– Рамазан – пенделік қылықтардан мейлінше арылып, барынша рухани кемелденіп, ішіп-жеуден уақытша болса да тыйылудың табылмас сәті. Ораза ұстау ақыл-есі

дұрыс, балиғат жасына жеткен, мұсылман адамға парыз. Қасиетті Рамазан айы мамырдың 17-не кіреді. 29 күн бойы орталық мешітте 150 адамға ауызашар беріледі. 1 маусым күні әлеуметтік көмекке мұқтаж 100 отбасыға айлық азық-түлік таратылады, – деді Болатбек Ұласқанұлы.

Тарауш намазын Түркия мемлекетінен шақыртылған 2 қарі өткізеді. Пітір садақа жан басына 300 теңге болып белгіленді. Бас имам қасиетті айда оразаны толық ұстау керектігін атап өтті. Айдың басында, ортасында, аяғында үш күн ораза ұсталынбайды. Қасиетті



Қадір түні маусым айының 11-нен 12-не қараған түн. Айт намазы 15 маусым күні таңғы 7-де оқылады. Брифинг барысында осы және басқа да ораза ұстаудың шарттары мен үкімдері туралы толық ақпарат берілді.

Айта кету керек, қасиетті айда «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде Құран жаттау орталығын, діни кітапхана және жана үлгідегі сайт парқинасын мобильді қосымшасымен бірге ашу жоспарланып отыр.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

ОРТАЛЫҚТЫҢ ОҢДЫ БАСТАМАСЫ

«Қамқорлық» дағдарыс орталығы жанынан әлеуметтік балабақша ашылмақшы. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте орталық директоры Жандос Тұсмағамбетов хабарлады.

Дағдарыс орталығы отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен және қиын жағдайға тап болған азаматтарға психикалық және әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Стандартқа сәйкес, азаматтарға 8 арнаулы әлеуметтік қызмет ұсынылады.

– Орталықта олар 6 айға дейін бола алады. Бізге көбіне физикалық, психологиялық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматтар хабарласады, – деді Ж.Тұсмағамбетов.

Жыл басынан бері орталыққа 75 адам орналастырылды. Олардың ішінде көмелеттік жасқа толмаған 47 бала бар.

Нәзізнен орталыққа келушілер

көбіне балалы әйелдер екен. Оларға тиісінше кешенді көмек көрсетіледі. Көбісі жұмыссыз. Сондықтан орталық жанынан әлеуметтік балабақша ашу жоспарланып отыр. Бұл әйелдердің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасын арқылы, оқыту курстарынан өтіп, мемлекеттік шаңкіртқы алуына және жұмыс табуына мүмкіндік береді.

Ш.АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ.



ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ – ӨРЕЛІ ҰРПАҚ

Жұмабек пен Марат отбасылық «Шаһарбек» шаруа қожалығының басы-қасында жүр. Егіздер Гахденбек пен Раушанбек кәсіпмен айналысады. Қыздары Айгүл мен Бақыт ұстаздық жолды таңдады. Жанат – қалалық №175 негізгі мектептің директоры. Сәнімкүл өз алдына жеке кәсіпмен шұғылданады. Балалары мен немерелерінің әрбір жетістігі Шаһарбек аға мен Ұлжан апаның мерейін өсіреді.

«Адамның бақыты – балада», «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген халық даналығы тегін айтылмаса керек. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса, Тінжібекөвтер әулеті ұрпағымен бақытты, өнегелі, Бұл шаңырақ бейне бір мәуелі бәйтерек іспетті. Оның алтын дінгеі болған Шаһарбек аға мен Ұлжан апаның тілегі де, ойы да ортақ: әрбір шаңырақ тек шаттыққа толы болса екен дейді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

АҚПАРАТТЫҚ КЕРУЕН ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Сейсенбі күні қаламыздағы 13 техникалық және кәсіптік білім беру колледжінен, «Серпін-2050» бағдарламасына қатысушы білім беру ұйымдарынан құралған топ үгіт-насихат жұмыстарын бастады.

Бұл шара Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын жүзеге асыру мақсатында «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы аясында өтеді. «Талапқа талғам – таразы» атты ақпараттық керуен кәсіби бағдар беру мақсатында облыс аудандарында мектеп бітіруші түлектеріне мамандық таңдау бағытында кеңес берді.

Облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы

өзекті мәселелердің бірі – кәсіби бағдар беру жұмыстары. Бұл талапкерлерге болашақ мамандығын қателеспей таңдауына мүмкіндік беретін үлкен көмек.

2013 жылдан бастау алып, жыл сайын дәстүрлі шараға айналған кәсіби бағдар беру керуені 15-18 мамыр аралығында барлық ауданда болып оқушылармен кездеседі. Керуеннің көмегі орасан. Мәселен, бытыр атқарылған жұмыстар нәтижесінде түлектердің 97% оқуға түскен.

ЕРЕКШЕ ҚЫЗМЕТ

Адам өміріне қауіпті мамандық аз емес. Олардың қатарында құтқарушы да бар. Жуырда өкірдегі «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі» өкілдерімен кездесіп, жұрт көп біле бермейтін мамандық иелерінің жұмысымен жақын танысудың сәті түскен болатын.



Бұл қызмет облыста 1998 жылы құрылыпты. Басты міндеті – кен орындарында болған төтенше жағдайлардың алдын алу, оны дер кезінде жою. Мамандардың айтуынша, мұндай қызмет түрі өзге аймақтарда да бар. Олардағы 2800-ден астам жоғары білікті кәсіби құтқарушы, 600 авария-құтқару техникалары тәулік бойы әзірлікте болады. Өткен жылы аталған кәсіпорында 250-ден астам дабыл келіп түскен, 185 адам құтқарылып, апатты жою орындарында 319 адамға медициналық көмек көрсетілген.

– Сыр өңіріндегі мұнай өндіретін Құмкөл, Ақшабұлақ секілді

кен орындарында кез келген жағдайда атқылама болуы мүмкін. Біздің мамандар сол жағдайда дереу көмек көрсетеді. Мамандар – түгелімен дерлік тәжірибелі мұнайшылар. Бұл қызмет 1999 жылдан бері 15-тен астам ірі ашық атқыламаны жойды, – дейді «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі» облыстық филиал директоры Нұрбек Момынов.

Бүгінде құрылым толықтай материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етіліп, кез келген қауіптің бетін қайтаруға әзір. Мұнда инженер-техникалық және жедел қызметкерлердің техногендік сипаттағы апаттардың алдын алу және жою бойынша озат әдістерін оқу мен біліктілік деңгейін артты-

ру жұмыстары жалғасуда. Арнайы механикалық қондырғымен қысым астындағы құбырларды бұрғылап тесу, құбырды қысым астында кесу, жаттығу кешенінде жедел құрамның ақау-тыныс алу аппараттарын қосу, гидравликалық жабдықтармен жұмыс, альпинисттік жабдықтарды қолдану арқылы жаттығу мен зардап шегушінің биіктіктен түсіру бойынша оқу-жаттығу сабақтары жиі ұйымдастырылады. Катерге толы қызметтің ыстық-суығына шыла беретін құтқарушылардың бұл еңбегін елемеске болмас. Себебі, олар дабыл түскен уақытта оқиға орнынан табылып, қауіпті сәйітпуге әрдайым даяр тұрады.

Мәлір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

КІТАП ОҚЫҒАННЫҢ ТАНЫМЫ КЕҢ

Жуырда Қазалы аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітап. Ұлттық рух. Замана тынысы» атты «Үздік оқырман-2018» жас оқырмандар байқауы өтті. Шараға кент пен қалалық қаласындағы 11 мектептен талапкерлер қатысты. Жастарды кітап оқуға шақыруды көздеген байқау аталған кітапханада осымен үшінші мәрте ұйымдастырылып отыр.

Байқауға ардагер ұстаз

Қадірбек Бекетов, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Ерлан Нұржаубаев, оқушылар үйінші бұқаралық бөлімінің меңгерушісі Бақытқұл Зарипова, №216 орта мектептің мұғалімі Жазира Тәжікенова, орталық кітапхананың әдістеме-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі Роза Беке-таева қазылық жасады. Байқау қорытындысымен М.І.орық атындағы №16 орта мектептің оқушысы Аяулым Ұлқарнай бас

жүлдені иеленді. Барша талапкерлерге алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Кешті аудандық орталық кітапхананың директоры Индира Әбілқасымқызы қорытындылап, қатысқан оқырмандарға жылы лебізін білдірді.

Шараға қатысқан жастар кітап оқығанның болашағы жарқын екенін түсініпді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.



ҚОЛДАУ

Қандай да бір жұмысты атқарғанда оны жүзеге асыруға қажетті құрал-сайманның болма-са кәріп болып қалатының бар. «Адам емес, құрал жұмыс істейді» деген ұғым содан шықса керек. Бұл, әсіресе, асыраушы сала – ауыл шаруашылығында өте маңызды. Барлық жұмыс арнайы техникалармен атқарылады. Ал олардың құны егін адамы үшін әркез қолжетімді емес. Мұндайда мемлекет тарапынан құрылған арнайы құрылымдар шаруаларға көмек қолын созып келеді.

акционерлік қоғам көмегімен дән себуге, тыңайтқыш шашуға арналған төрт МТЗ-80 техникасын алған. Олардың әрқайсысы 6 млн теңгеден тұрады. Енді оны алдағы бес жылда 14 проценттік өсімімен төлеп бітірулері тиіс. Бұл жерде 14 проценттің жартысын, яғни 7 процентін жабуға мемлекет тарапынан субсидия беріледі.

– Бұл үлкен қолдау, – дейді серіктестік төрағасы. Ол бұған дейінгі жылдары қоғамның облысы бойынша филиалы көмегімен шаруашылық үшін тракторлар, шетелдік комбайндар алғанын жеткізді. Ал шетелдік бір комбайнның бағасы 150 млн теңге тұрады екен. Олардың қарызын төлеп құтылуға 7-10

бағдарламасын іске асыруда. Бұл бағдарламаның шеңберінде қазақстандық фермерлер ауыл шаруашылығы техникасын 10 жылға дейінгі мерзіммен сатып ала алады, бұл ретте аванстық төлемнің мөлшері қысқартылған және 10 % құрайды.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ стандартты лизинг бойынша қолданыстағы талаптарға бірқатар өзгерістер енгізді. Енді жеткізуші барлық талаптарды сақтаған жағдайда, қазақстандық фермерлер аталған қоғам желісімен Қытай Халық Республикасы өндірісінің ауыл шаруашылығы техникасын 5 жылға дейінгі мерзіммен, кемінде 25% аванстық төлеммен сатып ала алады. Қаржыландыру талап-

"ҚАЗАГРОҚАРЖЫ" ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШУДА



Соның бірі және бірегейі – «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Ол «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрамына енетін ауыл шаруашылығындағы басты мәселелердің бірі – техника паркін жанарту мақсатында құрылған акционерлік қоғам. Негізгі қызметі – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаражаттарына, сондай-ақ лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникасына және технологиялық жабдыкқа деген қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы республиканың аграрлық секторын дамытуға қолдау жасау.

Бұл қоғам құрылған 1999 жылдан бастап агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін техника мен жабдықтарды жанартудағы ең үздік серіктес саналады. Мәселен, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның облыс бойынша филиалының өзі 2000 жылдан 2017 жылға дейін облыстың АӨК дамытуға 27,4 млрд теңге инвестициялады. Сондай-ақ жалпы сомасы 20,6 млрд теңгеге 1 703 бірліктен артық техника мен жабдықтар сатып алынған.

Қармақшы ауданындағы «Тұрмағамбет» ЖШС төрағасы Нұржан Пірмағамбетов шаруашылық жұмыстарын жүргізуде «ҚазАгроҚаржының» көп көмегі тиіп келе жатқанын айтады. Мәселен, аталған серіктестік биылғы көктемгі дала жұмыстары үшін

жылға дейін уақыт беріледі.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ облыс бойынша филиал директорының орынбасары Өлімжан Сералиев бұл ұйым Қазақстандағы лизингтік мүмкіндіктерді кеңейтіп отырғанына хабарлады. Енді «ҚазАгроҚаржы» АҚ адал ниетті клиенттері ауыл шаруашылығы техникасын лизингке аванстық төлем төлемей сатып алу мүмкіндігіне ие болмақшы. Осыған орай «ҚазАгроҚаржы» «Сенімді фермер» атты жаңа бағдарламаны іске қосып отыр. Бұл бағдарламаның шеңберінде, қоғамның клиенттері адал ниетті қарыз алушының критерийлеріне сай келуге тиісті. Осы критерийлерге сәйкес, клиенттің үздіксіз және сапалы кредиттік тарихы, қарыз мерзімін ұзартуы, қайта құрылымдануы және Қоғамнан алынған қаражаттарды мақсатқа сай пайдаланбау фактілері болмауы тиісті. Ө.Сералиев енді ауыл шаруашылығы техникасын «Сенімді фермер» бағдарламасы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қолданыстағы клиенттері де, бұрын қаржыландырылған клиенттері де ала алатынын айтады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда жем-шөп ташылымы өткір болып отыр. Осыған байланысты, отандық жем-шөп өндірісін қолдау және дамыту мақсатында, «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Өз жемішіміз»

тарына енгізілген өзгертулердің шеңберінде, лизингке құны 25 млн теңгеге дейін болатын аспалы және тіркемелі техника аруга аванстық төлемнің мөлшері 25 %-тен 20% -ке дейін қысқартылды.

Жаңа бағдарламалардың енгізілуі, қоғамның азық-түлік желісінің кеңейтілуі, аванстық төлемнің төмендетілуі және қаржыландыру мерзімдерінің ұлғайтылуы отандық фермерлер үшін техникаға деген қолжетімділікті арттыратын болады.

Ө.Сералиев жыл басынан бері филиалға облыстағы шаруашылық құрылымдарынан техникалар мен құрал-жабдықтарды лизинг негізінде алуға жалпы сомасы 1,2 млрд теңгеге құрайтын өтінімдер тапсырылғанын айтады. Оның бүгінгі таңда 1 млрд теңгеге құрайтын өтінімдері бойынша оң шешімдер қабылданып, 392 млн теңгеге құрайтын қаржы лизинг келісім-шарттары жасалған. Директор орынбасарының айтуынша, жыл басынан бері көктемгі дала жұмыстарына арналған жаңа техникалар «Егішші», "Достық жер", "Ақжарма и К" ФК, "Шаған жер" ЖШС және басқа да көптеген шаруашылықтарға табысталған.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
"Сыр бойы".

ҮЛГІ

КӘСІПКЕРІ КӨП АУЫЛ

Қазалылық Ербол Әбілтаев бүгінде өзі тұратын аядай ғана Ғани Мұратбаев ауылында мал шаруашылығын дөңгелетіп отыр. Бұл кәсіппен ол ес белгілі таныс. Әкесінен дарыған.

Бақытаға –отызыжылшопан болған кісі. Кеңес одағы кезінде ауданның Күмжіек, Қазақстанның 40 жылдығы совхоздарында ақтылы қой өргізіп, Ғани Мұратбаев ауылына көшіп барғаннан кейін де ата кәсіптің айналасынан ұзай қойған жоқ. Ербол кішкентайынан әкесінің қолқанаты болды. Шопан таяғын ұстап өсті. Ербол мал шаруашылығына шындан ден қойған кезін еске түсіріп, бір күліп алды.

– Ол кезде сегізінші класта оқимын. Сарыағаш арқылы Ташкенттен мал әкелуге болатынын естіп, солай қарай тартып отырдым. Әкеме «Қызылордаға баруым керек» дедім. Әйтпесе, жалғыз үлгі болғасын жібермейтінін білем. Жинаған ақшаға, сөйтіп, сонау Өзбекстаннан азын-аулақ мал әкеліп бастағам, – дейді кәсіпкер.

Үш-төрт жыл Ташкент пен екі ортаны жол қылды. Қазір басқа жақтан да тапқанын тапқандай тасиды. Арық немесе орташа салмақтағы малды сатып алғасын уақытылы жем-шөбін беріп, семіртіп сатады. Біз барған кезде үй іші жұмылып бордақыланған малдың біреуін сойып, ішек-қарнын тазалап жатыр

екен. Ербол сиырдың қоң жинағаннан кейінгі салмағы шамамен 300 келінің 0 жақ-бұ жағында болатынын, ал қойдың 100 келіге дейін ет беретінін айтты. Қазір үйінің алдындағы қорада 300 шақты қой, 100-ге жуық ірі қара бар. «Мал баққанға бітеді». Қораның іші-сыртындағы қатқабат шаруаны Ербол қарамағындағы төрт-бес адаммен бірлесіп бітіріп жүр.

– Үйдің ауласы тарлық етеді. Алдағы уақытта мал бордақылау үшін ауыл сыртынан жер берілсе, дұрыс болар еді. Оның үстіне, бұл тазалыққа да кері әсерін тигізіп отыр, – дейді Е.Әбілтаев.

250-ден астам отбасы, 1 жарым мыңдай адам тұратын Ғани Мұратбаев елді мекенінде соңғы кездері өз алдына кәсіп ишкандардың қарасы көбейіп келеді. Ауылдық округ әкімі Абай Естығұлдың айтуынша, мұнда 35 шаруа қожалығы, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 46 жеке кәсіпкер бар.

Өткен жылдың өзінде 11 адам кәсіпкер ретінде тіркелген. Мемлекет көмегіне сүйеніп, кәсібін жолға қойғандар да аз емес. Мемлекеттік «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағыты бойынша «Бастау-бизнес» жобасында оқыған 3 адам 5 миллион теңге несие алып, мал бордақылаумен айналысып келеді, – дейді А.Рыстауұл.

Осы үшеудің арасынан Сұлтан Айтуғанды ерекше атап өткіміз келеді. Небәрі 20-ға

енді толған Сұлтан екі жылдан бері жылқы баптаумен айналысып келеді. Әзірге қорасында екі бие байлаулы тұр. Жаздың күндері бөсеуге дейін ұстайды. Жылқы баптауды отбасылық кәсіп десе де болады. Сұлтанға әкесі бағыт беріп, жол көрсетіп отырады. Ал биені анасы сауады.

– Мен малдың күтімі, қымызды өткізу сияқты жұмыспен айналысамын. Жақында мемлекет тарапынан 1 жарым миллион теңге көлемінде несие алдық. Осылайша кәсіп ауқымын біртіндеп кеңейтіміз келеді, – дейді С.Айтуған.

Ауыл тұрғыны Рысбек Мырзалиев те ірі қараны семіртіп сатып, отбасын асырап отырғандардың қатарынан. Былтыр мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 2 млн теңге несие алып, іс бастаған.

– Жылына 15-20 шақты ірі қара сатып алып, қыс бойы бордақылап, нарыққа өткіземіз. Өрқайсысының салмағы шамамен 170 келі тартады. Малдың күтімін жасауға көп күш керек. Егер бар ынтанмен еңбектенсең, шығындың өтеп, пайда табуға болады, – дейді жас кәсіпкер.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».
Қазалы ауданынан.



КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫ ЗАУЫТЫ «АЛТЫН САПАҒА» ҚАТЫСАДЫ

Еліміздегі үздік кәсіпорындарға сапа саласындағы жетістіктері үшін жыл сайын берілетін Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығынан биыл жергілікті «СКЗ-Ц» ЖШС үмітті. Күкірт қышқылын өндіретін зауыт жұмырда тиісті құжаттарын тапсырды.

Нарықты жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз етіп, отандық тауардың сапасын арттыруда көздейтін зауыт 2007 жылы қазақстандық, канадалық және жапониялық компаниялардың құрылтайшылығымен құрылған болатын. 2010-2014 жылдарға ар-

налған Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында салынған кәсіпорын қуаттылығы күніне 1500 тоннаны құрайды. Бүгінде мұнда 200-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Еліміздегі күкірт қышқылын өндіретін жалғыз зауыт қалдықсыз жұмыс жасайды. Өндіріс орны «Қазатомпром» АҚ-ға қарасты уран өндіретін кәсіпорындарды ең басты реагент-күкірт қышқылымен қамтамасыз етеді. «СКЗ-Ц» ЖШС күкірт қышқылымен бірге электр энергиясын да өндірумен айналысады. Серіктестік еліміздің экономикасына үлес қосудан бірге әлеуметтік жауапкершілікті де қатар алып жүр. Жұмысшылар өміріне жауапкершілікпен қарай-

тын серіктестік басшылығы қызметкерлердің әлеуметтік пакетіне де ерекше мән береді. Ісі ілгері басқан кәсіпорынның алдағы уақытта халықтың оң бағасын алып, зор сенімнің үлесінен шығарына үміт мол.

Айта кету керек, халықаралық талаптарға сай келетін, яғни сапа бойынша еуропалық модельге үйлестірілген бұл байқаудың мәртебесі биік, талабы да жоғары. Ұйымдар «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халық тұтынатын тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызметтер көрсететін үздік кәсіпорын» секілді аталымдар бойынша бақ сынай алады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

2018 – ОБЛЫСТА «ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ЖЫЛЫ»

Соңғы жылдары мемлекеттік бағдарлама арқасында ауылда қолындағы азын-аулақ малының қарасын көбейтіп жатқандар артып келеді. Соның бірі – Жаңақорған ауданы, Қырқексе ауылының тұрғыны Серік Мырзабаев. Ол «Бекарсы ауыл шаруашылығы жолы» ЖШС директоры. Алғашында қорасында 60-тан аса ірі қарасы болыпты. Атақасіпті жандандыруды ойлаған жігіт мемлекеттік бағдарлама көмегімен асылтұқымды мал басын көбейтуді қолға алды. Ісі еш кетпеді. Алдымен жайын жайлады. Асылтұқымды ірі қара малын көптеп алып, аз уақытта шаруасын дөңгелетіп әкетті.

Қалай болғанда да қазір ел іші мал басын көбейтуден ұтылмайтынын, әсіресе асылтұқымды түлік өсірудің тиімділігін түсініп қалды.

«Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек» дегендей, Серік сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Көкпардан облыс құрамасының белді мүшесі.

– Қазір бала тұрмақ, үлкендердің өзі атқа мінудің не екенін ұмыта

ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТҮГЕЛ ӨРГІЗГЕН

Алғашқы талабы табысқа ұласқаны Серікке кәдімгідей сенім берді. Тынымсыз еңбегінің арқасында төскейден төрт түлікті түгел өргізіп, жыл сайын олардың қатары да көбейіп келеді. Оның шаруа қожалығын құрғанына да 10 жылдан асты. Бүгінде қорасы қойға, өрісі малға толған. Еті тірі, елгезек жігіт еліміздегі мал шаруашылығын қолдауға арналған бірнеше мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көрді.

Бүгінде шаруашылықта 600-ден аса жылқы, 700-ге жуық сиыр, 1200-ден аса қой және 100-ден аса түйе бар. Оннан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жұмысшылар жалақысы уақытылы төленеді. Әлеуметтік жағдайларына қарап, көмек те көрсетеді.

– Кез келген кәсіпті ынтамен қолға алсаң, нәтижесі болады. Еңбек еткен адам жемісін көреді. Жастайымыздан ата-анамыз еңбекке баулып өсірді. Бала күнімізде қозылақ бақтық. Он жасымынан бастап ат үстінен түскен емесің. «Ер қанаты – ат» деп бекер айтылмаған. Жүйрік туыларым болса деп армандалым. Есейген шақта көкпар тарттым. Осылай жылқы баптауды үйрендім. Шаруа қожалығын құрдым. Мемлекет тарапынан да қолдау көп. «Сыбаға» «Құлан» және «Алтын асық» бағдарламасының арқасында қаржы алып, асылтұқымды мал басын көбейттім. Биыл облыс әкімінің бастамасымен аймақта «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» жарияланды. Бұл – үлкен демдеу.



Халықтың еңбек өнімін, тұрмысын, кәсібін жандандыруға үлкен қолдау, – делі ол.

Шаруақор жігіт малға қажетті жем-шөпті өзі дайындайды. Арнайы техникалары да жеткілікті. Жазда дақылдар мен шөптің қажетті түрлерін егіп, уақытында қоймаға жинайды.

Серіктің алдына қойған мақсаты көп. Бізбен әңгіме барысында жоспарларымен де бөлісті. Ол биыл күзге дейін құны 25 млн теңге болатын мал сою алаңын салмақ. Сонымен бірге мал бордақылау алаңын ашуы да көздеп отыр. Жақында Ақтөбе қаласында болып, белгілі шаруа қожалықтарының жұмысымен танысып қайтты. Ондағы мал бордақылау және сою алаңдарының жұмысын көрді. Тәжірибе алмасты.

бастағандай. Ғасырлар бойы аттың жалында, түйенің қомында ғұмыр кешіп, мәдениет пен өнердің ға-жайып үлгілерін қалыптастырған халқымыздың тулпардың қыр-сырын жетік меңгергені белгілі. Менің тағы бір арманым – осы ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан атбегілік өнерді жандандыру, – делі ол тағы бір сөзінде.

Ел десе, аянып қалмайтын жас кәсіпкер қайырымдылық шараларына да белсене араласады. Қолдан келгенше көмек қолын созып, ауыл үлкендерінің алғысын арқалауда.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».



Жалғанның жарығына келген әркім де тіршілікте өзінше із салады. Біреу байлығымен мақтанса, тағы бір жан қоғамның рухани жұтаңдамауына жан-төнімен қызмет етіп, ұлттың ұмыт қалған құндылығын жиып-теріп жүреді. Дәл бүгінгі күні материалдық тұрғыда бақуаттылардың бәсі озып тұрғаны рас, бірақ осы екі топтың ел алдындағы еңбегі таразы басына түсе қалса, руханиятқа қызмет еткеннің еңсесі биіктеп шыға келетіні тағы анық. Аймақ журналистикасының ардагері Өтеген аға Жаппархан жайлы жазарда жасаған байламымыз осы болды.

ӨТЕКЕҢНІҢ ӨНЕГЕСІ

Елде социалистік жүйе әбден орнықан 1938 жылы сол кезеңнің салтына сай «Коммунизм» атауын иеленген колхозда туыпты. Ауылдағы көп қатарлары ойыңа ойысқанда бұл қағаз шимайлағанды жақсы көретін. Сосынғы ермегі – жыр тыңдау, естігенін қолма-қол жаттап алатын қасиет бала жасынан жұқты.

Бірде ауылға белгілі жырау Рахмет Мәзкожаевтың жолы түсіпті. Сол тұстағы үрдіс бойынша кешкісін шаруасын жайғап болғандар жырау түскен үйге қарай ағыла бастайды. Жырау ұзақ жырдың кіріспесін бір қайырып тастағанда жұрттың бас-аяғы тегіс жиналып болған еді. Бір қызығы, сапырылған сол жұрттың арасында бала Өтеген де жүрді. Үйдің іргесінде жатып, жырды көкейге құя берді. Қысқасы, жырау ауылына қайтқанша бала да үй бетін көрмеді десе болады. Оның насихат өлеңдері мен Ұлбике мен Күдерінің айтысы бала көңіліне осылай жатталды. Жарықтық Рахмет шынымен де данғыл жырау еді. Бүкіл түркі халқына кең тараған «Көрұғлы» дастаны 1973 жылы Мәзкожаевтың нұсқасы бойынша жеке кітап болып басылып шықты.

Шәкіртінің бойындағы шыңдыды қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Молдаш Достанов ағайы байқапты. Жас баланың шимайынғын арасынан шымырлау бір-екі жол тауып алған Молдекен мол қазынаға кезіккен керуеншілейді қуансын. Сол күннен бастап ұстазы баланы баули бастады, бірте-бірте мұның да жазуы ширай берді.

Осынғы әсері болар мектеп партасында отырып жазғаны аудандық газеттің редакторы, ақын Тілеген Шапошевтің назарына ілікті. Алғашқы мақаласының газетке жарияланғаны Өтекеңнің өзіне деген сенімін нықтай түсіп еді. «Журналист болам!» деген талаппен арпы-берлі ағылған көлігі аз, сол кезгі өлшеммен жер түбіндегі «Коммунизмнен» Тасбөгеттегі «Коммунизм таңы» газетінің редакциясына келуі жиіледі. Бұл өзіне шарапатын тигізген Тілеген Шаповаш ағасының Жазушылар одағына ауысып кеткен кезі. Оның орнына келген Сыдық Алдабергенов жас баланың бойындағы қаламға деген құштарлықты қапсыз танып, бірде кабинетіне шақырды. Барса, мұның жазған дүниелерін алдына үйіп қойып отыр екен.

– Ал, бала, бізде штатта жүргендердің өзі мынадай материал жазбайды. Күніге бір келетін автобуспен қаттынан жүрген сен бәрінен озып тұрсың. Бізге жұмысқа келесің бе? Редактордан мұндай ұсыныс күтпеген бұл сасып қалып, бас ізей бергені есте. Сыдық ағасы да әңгімені ұзартпай, кесімді сөзді айтты.

– Онда былай болсын, тоғызыншы сыныпты тауысуға айналыпсың. Қалған білімді кешкі мектептен алсаң да, тақияна тар келмес. Өзіңді бүгіннен бастап «Коммунизм танымын» қызметкерімің деп есепте. Ал, іске кірісі!

Семінің салмағын сезінген жас тілші енді редакция мен баспахананың арасын жол қылды. Бір жылдың бедерінде қаламы төселген тілші, білікті баспаханашы болып

шықты. Қазақ журналистикасының талай маркасқаларын түлеткен қарашанырақ – Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түскенде де Өтекеңе аудандық газетте қызмет істегенінің пайдасы көп тиді.

Ол кезде оқу бітіргендердің жұмыссыз қалуы сирек. Жас маман облыстық радиохабарлары мен телевизия басқармасына қызметке орналасты. Аз жылда радионың бас редакторы болды. Радионың «Алтын қорын» Сыр сүлейлерінің мақам-сазымен байытты. Қияндағы ауылда тұратын талай өнер иесін елге таныстырды. Жыр жүйрігі жыраудың немересі Көшенейдің күміс үнін алғаш рет облыстық радиодан естіген жұрттан келер хаттар да жиілей берді. Өтекеңнің жүрегіне жыр жауһарын жинаған Сыр шайырларының мұрасына адалдығы осылайша қалыптасты.

Қазір ардагердің жеке қорында 25 жырау 60 сағатқа жуық орындайтын атакты «Шахнама» дастаны, «Сыр сүлейін сұрасан» атты музыкалық антология, ақын Қуаныш Баймағанбетовтің жыр-термелер жинағы сақтаулы тұр.

Өтекең көнігі фельетоншы. Әдетте, сатира сұлулықты сүйеді деп жатады. Оған біз өз тарапымыздан сатира шындықты да сүйеді дегенді қосар едік. Өтекең қазір ұмытылып бара жатқан осы жарп арқылы талай тасыр мінезділерді тәубесіне түсірді. Өзі қызмет атқарған облыстық «Ленин жолы», республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті бетінде көпнен санақсызы келмеген кердендерді сынады. Бас басылымының Жезказған облысындағы меншікті тілшілігін атқарып жүргенде құрылысы 21 жылдан бері бітпей тұрған металл құю зауыты жайлы фельетон жазды. Бас кейіпкері басқа емес, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николай Давыдов. Бір қызығы, осы іргетасты қалаған Давыдовтың өзі екен. Содан бері ол талай қызметтің басына су құйып тастағанымен, іргетас сол күйі ұмыт қала берген. ҚК XVI съезінің қарсаңында шыққан фельетоннан кейін Мәскеудегі қолдаушылары мен Жезказған мысының арқасында көзінің еті өсіп, аузынан жалын шашып тұрған башы сыңға ұшырап, тәубесіне түсті.

Ақиқат пен жалғандық таразы басына тартыла қалғанда шыңдық жағында жүрді, әділдік іздеген жұртқа қаламының себін тигізді, осыған шүкір дейді. Бас газеттің Қызылордадағы меншікті тілшісі болып қызмет істеді. «Социалистік Қазақстанға» қызметке тұрып, «Егемен Қазақстаннан» зейнетке шықты. Газеттің жүйкелігі жейтін ауыр жұмысына жегіліп жүріп «Сол қалта», «Бір қора өсек», «Мінездер» атты 3 сатиралық кітабын шығарды.

Баспасөзден қол үзген жоқ. Заман өкпегі орай соққан кезендерде жазыссыз жалалы болған азаматтар жайлы жаза бастады. Сыр бойында жақсы сімен із қалдырған Сәлімгерей Токтамысов деген азамат қызмет істеген. 1962 жылдың 17 желтоқсаны күні облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып жүрген Сөкен жайлы «Правда» газетіне «Битая қалта» атты сын мақала жарияланып, оның аяғы хатшының

Жамбыл облысындағы бір кеңшарды басқаруға жіберілуімен аяқталды. Аты ақиқатты айтып тұрғанмен, жалғандыққа жол берген газеттегі осы мақаланы басқа ұмытса да, Өтекең ұмытпапты. «Егемен Қазақстан» газетінде аға есімін ақтап, көлемді мақала жазды. Қоғам байлығын еселеуге үлес қосқан қойшы, Социалистік Еңбек ері Ахмет Халықовтың есімін ұмытып бара жатқан елдің есіне салды. Совет Одағының батыры Жақыпбек Махамбетовтің жарқын бейнесі жұрт жадынан өшпесін деп қалам тербеді. Халықтың өлшесіз құрметі ардагер кеудесіне «Қазақстанның құрметті журналисі» төсбелсігі болып тағылды.


Кейде мамандығына да, адамдығына да кір жұқтырмаған ағаны ұлт жауһарының жоқшысына да ұқсататын кезіміз көп. Олай дейтініміз, Сыр сүлейлерінің телегей мұрасын түгендеген ардагер кейінгі жылдары Ұлбике ақын қалдырған қазынаны зерттеуге көшті. Ұлы поэзияның ақ періштесіне балаған Ұлбике қазақтан шыққан тұңғыш айтыскер қыз еді. Ақынның өмірбаяндық деректері мен айтыстарын хатқа түсіріп, асыл қазынамызға тұңғыш қосқан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев пен Әбубәкір Диваевтың қолжазбалар қорында ақынның қолына домбыра ұстап, өнер додасына жүрексіңбей келіп, бірден жарқырап шыға келгені анық айтылады. Жүрегі дауалап шаршы топқа түскен ол біразға келгенше тілі шықпай, он екі жасқа толғанда бірден өлемен сөйлеп кеткен деген дерек те бар. Оның Күлері қожамен айтысы әйгілі орыс ғалымы В.Радлов құрастырған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» деген тұрғын кітапқа еніп, кейін неміс тіліне аударылған қымбат мұра қатарынан саналады. Осы айтысты бала күнінде жаттаған журналист жалғанның жарығында 24-ақ жыл өмір сүрген Ұлбикенің 190 жылдығына орай бірқатар басылымдарға мақала жариялады. Өнер жүйрігінің мерейтойы ресми түрде аталып өтпегенімен, Өтекең оның рухы алдында өзінің перзенттік борышын осылайша орындады.

Қоғамдағы қай құбылысқа да бейжай қарай алмайтын ардагерді ойлантатын нәрсе көп. Қазіргі баспасөзге байланысты түйегіні қағазға түсіріп қоятыны бар. Ретті жерінде жас әріптестеріне ұсыныс-пікірлерін айта жүреді. Бұрын білінбеген түрлі дерттердің дендеп кеткенін де зерттеп көреді, біразының себебін тапқанды да болды.

Осы Қызылорданың солтүстігінде Көксеу атты ұлын сала бар. Егер соны суға толтырса, шаһардың ауасы тазара түсер еді. Бұл ұсынысты біраз жерде айтты да. Жуырда онтүстік ауылдарда құс азыайп кетті дегенді естіп, жаны түрішті. Осы мәселені түбірлей зерттеп, жазуға отырды.

Шапошевтің шапағатын көрген, Алдабергенов алақанының жылуын сезінген, «СК»-ның сұсты редакторы Қыдырбекұлынан қолдау тапқан Өтекең де өзінен кейінгі толқыңға өнеге көрсетті. Быыл сексеннің сегінгіре сергек шыққан қаламгер өзі тік, созы нық қалпында әлі де елге қызмет етіп келеді.

М. АҚЫНУЛЫ.



Каратерен...

Сырдың теңізге құяр сағасында орын тепкен, қос алыпты тел емген ауылда дүниеге келген Бегімбайдың бала қиялы бай болған секілді. Өйткені ақжал толқындар теңізге жүзген кемелер де, даридан таралған айна көлдердегі ақжелкенді қайықтар да қиялына қанат бітіретін. Сондықтан арманшыл ауыл төнтектерін үлкендер «Осылардан бірнәрсе шығады» деп арқадан қағып қоятын еді.

Сол қияндағы ауылдан өзге жерде кездесе бермейтін 20-дан астам ұшқыш шыққанын, дәл осыншама журналистер барын қатар халық біледі және айтып жүреді. Белгілі қаламгер ғалым, ҚР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Бауыржан Омаров ол туралы былай дейді: «Ауылдың журналистері де жүйрік шықты. О баста Каратереннің маңдайына біткен екі мықты журналисі бар еді. Олар – ағайынды Шәкірат және Шәкізат Дәрмағамбетовтер. Республикаға

ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРІЛТКЕН ҚАЛАМҒЕР

танымал осы ағаларымыздың соңынан өз соқпағын салған Бегімбай Ұзақбаев та кесіліп алысқа шапты. Жалантөс баһадүр туралы тарихи роман жазды. Осы ушеуінің соңын ала біз де қара көрсеттік. Ал қазір каратерендік журналистердің санынан жанжыласың...».

Бекең осылай балықсыз отбасында 1948 жылы 15 сәуірде өмірге келген еді. Жазушының балалық шағы соғыстан кейінгі ауыр кезендермен тұспа-тұс келді. Майдағын жаракат алып оралған әкесі Ұзақбай сұм соғыстың зардабынан ұзақ өмір сүр алмады. Ол дүние салғанда Бегімбай небәрі үш жаста болатын. Отбасының барлық салмағы анасының нығына түсті. Он үш құрсақ көтерген қайратты Сәнімнің қолында баласы мен қызы ғана қалды. Осылайша жастайынан тұрмыс тауқыметін көрген олар ерте есейді. Балық зауытында сұрыптаушы болып жұмыс істейтін анасына қолғабыс жасады. Бекеңнің әні айтып, домбыра тартуға, сурет салуға қабілеті ерте байқалды. Каратеренге келген Ленинград суретшілер училищесінің студенттері оның дүниелеріне қызығушылық танытыпты. Сегізжылдық мектепті бітіргеннен кейін жас суретшіге аталған училищеден оқуға шақырту келеді. Алайда анасы жалғыз ұлын алысқа жіберуге жүрексініп, қарсы болыпты. Бірақ талапкер бала өзінің бақытын қара сөзден маржан теріп тапты десе болады.

Біздің Бекең де қаламын құшақтап туған әріптестеріменгі ауылдың кітапханасын «қопып тауысып», қариялардың ескі әңгімесін есіне сақтап, ертегі-жырларға құрышын қандырып, көрген-білгендерін жадына жинап, ойын қағазға түсіруден жалықпаған еді. Мектепте жүріп, аудандық «Толқын» газеті мен «Қазақстан пионеріне» мақалалар жазып, ауылда «бала тілші» атанды. Сол бала тілшіден дана тілшіге жету үшін оқу мен еңбегін жалғастырып үлкен өмір жолына түсті. Алматыдағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. Қызмет барысында Алматы жоғары партия мектебін тәмамлады. Еңбек жолын мектепте ұстаз болудан бастаған Бекең мағыналы да тағылымды өмір мектебін өтті. Облыстық теле-радиокомитетінде, комсомол, партия орғандарында жауапты қызметте болды. Облыстық партия комитетінде нұсқаушы, КСРО Министрлер кеңесі Дін істері кеңесінің Қызылорда облысы бойынша өкпі, облыс әкімі аппаратында бөлім, сектор меңгерушісі және бас инспектор қызметтерін атқарды. Ол жемісті еңбек еткен қырық жылдан астам уақытта облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге, Сырдың мәдениеті мен рухани дүниесін дамытуға белсене қатысты.

Жазушы алғашқы тарихи тақырыбына кездейсоқ келмеген еді. Бегімбай Ұзақбаев Жалантөс баһадүр қорының жұмысына белсене араласа жүріп, батырдың 425 және 430 жылдығын өткізуге атсалысты, халықаралық және республикалық конференцияларды ұйымдастырудың басы-қасында болды. Қаһарман қолбасшының ескерткішін орнатуға, мектептер мен ауылдарға есімін бергізуге байланысты жұмыстарға араласты. Сөйтіп жүріп Өзбекстанға делегация құрамында бірнеше рет сапарлар барды. Самарқан мен Нұратда болып, баба салдырған Шир-дори (Арыстан қақпа) және «Тілдә қоры»

(Алтынмен апталған) кесенелеріне тәу етіп, тасқа маңдайын тигізіп, алақанымен сипады. Көне ғасырдың көзі тірі жәдігерлерінде баба рухымен осылай сырласып, тарихымен тілдесті.

Қаламгердің еңбекқорлығы мен ізденімпаздығына рухани қуаты қосылып, қазір әдебиетіміздің ауыр да күрделі жанры – тарихи тақырыпты ендідете жазып келеді. Көп жылғы жемісті ізденістері мен толғаныстарының нәтижесінде өмірге «Жалантөс баһадүр» романы келді. Туындыға заманымыздың заңғар суреткері Әбіш Кекілбаев Тұран батырының тарих пен ұрпақ үшін мәнін ардақтап, керемет алғысөз жазды. Данғайыр жазушы інісіне «Бегімбай жаным, көптен бері осы тақырыпты жазсам ба деп ойлаңып-толғанып жүр едім, бірақ батылым бармады, қорықпай бұл дүниені қалай жазып жүрсің, өзін нағыз батыр екенсің» деген сөзі әрдайым қаламгерді қанаттандырып, қамшылап отырады.

Тарихи туындының жауапкершілігі зор, еңбегі қимет-қайым. Жазушының әр туындыны жанымен жазатыны байқалады. Бүгінгі компьютер дәуірінде бағзы



4 №70 (19553)
17 мамыр, бейсенбі
2018 жыл

соғыстарда өзінің қаһармандығымен және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Әдетте қалыптасқан тәжірибе бойынша көркем фильм оқырмандар арасында кеңінен таны- мал болған шығарманың негізінде, соның сюжетінің желісімен түсіріліп жатушы еді ғой. Ал бұл жолғы шығармашылық байланыстың сипаты керісінше. Шығармада авторлық баяндаулар арқылы бұрын көп ай- тыла бермейтін тарихи деректер келтірілген. Оқиғаның негізгі фабу- ласы қаһарманның төңірегінде дамып отыратындықтан, шашыраңқылық жағы шағындау. Сондықтан аталған роман оқырманын онша шаршата қоймас деп үміттенеміз...»

Бекең – деректі прозада өнімді де өрнекті еңбек еткен қаламгердің бірі. Жазушы-журналист Жұмабек Кен- жалін оның дәйегі мен мәйегі мол дүниелері туралы тұшымды пікір білдіреді: «Біздің қолымызға тиген кітаптың бірі Бегімбай Ұзақбаевтың «Намыстан шыңдалған қайрат» деп аталатын деректі хикаяттар кітабы. Мұнда негізінен ел құрметіне бө- жатыны байқалады. Бүгінгі тағдырлардың мен олардың бастан кешкендері шы- ғармаға арқау болған. Айталық, «Қал- дырған



ізін мәңгілікте» Жаксылық Жылқышевтің азаматтық тұлғасын сомдайтын оқиғалар өзек етіп алын- са, «Арман мұратына адалдық» атты хикаят Сыр өңіріне ерекше еңбегі сіңген Елеу Көшербайұлының тағдыр жолын әңгімелейді. «Өрге өрлеген өр тұлға» деп аталатын хикаят Кенесбай Қалитегінің тағдыр-талайынан сыр шертеді. Ал Қалыбай Бекенұлының басынан өткендері «Шырағын сөнбесің» деп аталатын хикаятқа арқау болған. Кітаптың өз оқырманы бар ғой деген ой түйдік. Себебі, мұнда Сыр бойы елінің кешегісі мен бүгінгісі өзінің жанкиярлық еңбегімен ауылдастарының құрметіне бөленген абзал азаматтар туралы қалтқысыз әңгіме айтылады.»

Бұл орайда қаламгердің әріптесі Жақау Дәуренбеков де бұрын көркем шығармашылықта танылған автордың деректі шығармаларымен жаңа үрдісті публициканың үлгісіндей оқылымды, ұлтқа берер тәлімі, айтар ақиқаты бар, тұжы жазында ұлағат үшін қалдырар, осылайша өз оқырманын таба алатын дәйегі мол дүниелер жазғанын атап өтеді.

Қазақстан Жазушылар одағының биылғы 15-ші құрылтайында көр- кемдік-эстетикалық талаптар мүм- кіншілігіне жауап бере алатын екі құрылтай аралығында тоғыз деген шығармалардың алдынды қатарында Бегімбай Ұзақбаевтың тарихи тақы- рыпта көтерілген прозалық туынды- лары тұрғанын ескерсек, жазушы ро- мандағы жоғары бағаланғандығының айқын көрінісі деп ұғынамыз. Қазақ әдебиетінің бүгінгі ауызға алы- на бермейтін Қокан және Хиуа шапқыншылығына қарсы күрестегі қазақ қаһармандарының ерлігі жайлы жазылған шығармалар түрлі көркем әдеби суреттермен, шынайы баян- даулар арқылы көбімізге беймәлім та- рихи деректер келтірумен құнды.

Бекең отбасында жаны Күнила екеуі 7 баланы тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы дерлік жоғары білім алып, кезгелі таңда әр салада жемісті еңбек етеді. Талантты жа- зушы бүгінде 20-дан аса немере мен бірнеше шөбере сүйген ардақты ата. Немерелерінің алды шетеледі білім алды. «Бейнеттің зейнетін көрді» деген осы.

Бекеңнің жанр талғамайтын және өндіріп жазатын еңбеккештігі мен оқырман талабына сай байсал- ды шығарма тудыратын қабілеті көп қаламгерлерге үлгі сияқты. Жазушы Б.Ұзақбаев «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 және 20 жыл», «Халықаралық М.Шолохов» медалдарымен марапатталған. Қазақ- стан Жазушылар және Журналистер одағының, Халықаралық Жазушы- лар одағының мүшесі. ҚР Мәдениет қайраткері, «Жалантөс баһадүр» атындағы республикалық қор төраға- сының орынбасары, Арал және Қазалы аудандарының «Құрметті азаматы».

Ер көңілді, ер мінезді азамат бүгін- де 70 жасқа толып, шығармашылық қуатының дер шағында. Тарих пен тұлғаларды тірілтіп, олардың жарқын бейнесі мен өшпес ерлігін халқымен қауыштырған қарымды қаламгер Бегімбай Ұзақбаевтың ойлы оқырманына берер субелі дүниелері әлі де алда деп білеміз. Осылайша қаламымен халқына қызмет ете бер демекпіз.

Жұматәлі ӘБДРАМАН.

«Сыр бойы».

СҰХБАТ

ЖАҢА ӨЗГЕРІС – ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІККЕ ЖОЛ

Елбасы Жолдауларында халықтың әлеуметтік жағдайына ерекше мән беріледі. Быыл да «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында зейнетақы төлемдеріндегі өзгерістерге айрықша тоқталды. Осы ретте жаңа жылдан бастап қала алынған зейнетақы жүйесіндегі жүзеге асатын жаңалықтарды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы «Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы» департаментінің директоры Салхадин Мырзабековтен сұраған болатынбыз. Әңгіме төмендегідей өрілді.

– 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап «Зейнетақы заңына» өзгерістер енгізілетіні белгілі. Ол қандай өзгерістер болмақ?

– Бүгінгі күні базалық зейнетақы азамат- тың еңбек өтіліне және табысына қарамастан, баршаға бірдей тағайындалған. Алдағы уақытта мемлекеттік базалық зейнетақыны тағайындау әдістемесі өзгереді. Яғни, базалық зейнетақы тек қана жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен кез- де (58-63/63 жаста) және зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындалатын болады. Ол үшін қатысу өтіліне 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі және 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі (міндетті зейнетақы жар- налары, міндетті қасіптік зейнетақы жарнала- рын төлеу кезеңдері) жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңдері есепке алына- ды. Бұған қоса, басқа әлеуметтік маңызы бар кезеңдер – үш жасқа дейінгі балаға, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасау, дипломаттардың жұбайларының шетел- де тұрған, ескери қызметшілердің, әлеуетті құрылымдар қызметшілері жұбайының жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоқ болған жерлерде, бірақ 10 жылдан көп емес, тұрған кезеңдері және «Байқонды» кешенінің ресейлік ұйымдарындағы 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек қызметінің кезеңдері де қосылады.

– Зейнетақыны қайта есептеу үшін халық қосымша құжаттар өткізу керек пе? – Базалық зейнетақыны қайта есептеу

үшін қосымша құжаттарды ұсыну талап етілмейді, зейнеткерлер ешқайда бармайды. Өйткені, олардың зейнетақы істерінде еңбек өтілі туралы мәліметтер бар. Ал, міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы дерекқорында бар мәліметтерден алына- ды.

– Жоғарыда әйел адамның еңбек өтіліне 16 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасаған уақыты қосымталып отыр деп есептелік. Зейнетақы қорына ешқандай ауда-рымдары жоқ, Мұндай жағдайда базалық зейнетақының мөлшері қандай болады?

– Иә, заңнамда базалық зейнетақыны тағайындаған кезде 16 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасау кезеңі де есепке алына- тын норма көзделген. Осыған сәйкес, базалық зейнетақыны тағайындау кезінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін (13 жыл) еңбек өтілі және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасау уақыты да (9 жыл) есепке алынады. Осылай- ша, жалпы еңбек өтілі 22 жылды құрайды, базалық зейнетақы мөлшері 28284 теңге бо- лады.

– Ал еш жерде жұмыс істемеген, бірақ 5 баласы бар қопбалаға анаға базалық зейнетақы тағайындалады ма?

– Базалық зейнетақы еңбек өтілі болмаған

Әңгімелескен
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».



www.syrbой.kz

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Елбасы қоғамда серпіліс туғызған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды» деген болатын. Демек, біз ұлы даланы ен жайлаған жұрттың перзенті екенімізді мақтаныш тұтып, сол халықтан шыққан қадау-қадау қайраткерлерімізді кейінгі ұрпаққа өнеге етуіміз керек. Осы тұрғыдан алғанда қазақтың ғылыми-техникалық интеллигенциясының әйгілі өкілі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Әділовтің орны бөлек. Ол – туған жерінің ғана емес, тұтас халықтың қамын ойлаған абзал азамат. Елінің өркендеуі жолында аянбай еңбек еткен жанның бойынан азаматтық, әділеттік және қайраткерліктің үлгі-өнегесін көруге болады. Олай болса, Сыр өңірінің тумасы, қазақ жерінен шыққан тұңғыш тау-кен ісінің генералы Ахмет Әділовке лайықты құрмет жасалып жүр ме?

Аханның балалық, жастық шағы алмағайып заманда өткені рас. Ол 1912 жылы Жаңақорған ауданына қарасты «Асаршық» елді мекенінде (бүгінгі «Құттықожа» ауылдық округі) дүниеге келген. Қаратау сілемдерінің қойнауындағы байлық бала Ахметтің арманын қанаттандырған. «Алтын да, күміс те, басқа да талай қазына бар шығар бұл таудың қойнында... Бірақ соны қалай іздеп табу керек, тапсаң, қалай қазып алу керек?» деген ойлардың жетегінде жүрген ол сурақтарының жауабы білімде екенін түсінеді. «Тауды биік дөңдер, талаптансаң шығарсың» деген, жас жігіт 1933 жылы Мәскеудегі И.Сталин атындағы тау-кен институтына оқуға түсіп, 1939 жылы үздік дипломен бітіріп шығады. Соң кезеңдегі әйгілі қайраткерлер Сұлтанбек Қожанов және Тұрар Рысқұлов Ахметтің жоғары білім алуына көмектесіп, қамқор қолын созады.

Алғашқы еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысы Зырянов кенішінде инженерлікпен бастайды. Жас инженер кеніштігі партия ұйымының хатшысы да болады. А.Әділов Ұлы Отан соғысы басталардан бір ай бұрын, яғни, 1941 жылдың мамыр айында Қазақстан Ком-

партиясы Орталық Комитетінің түсті металлургия бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

Соғыс оты тұтанғанда өндіріс орындары, шаруашылықтар соғыс жағдайына бейімделіп, барлық күш жауды жеңуге жұмылдырылды. Елдің орталық облыстарынан эвакуацияланған өнеркәсіптерді қабылдап, орналастыру, жаңа кен орындарын ашу, олардың аса қысқа мерзімде өнім шығаруын, өнімді дер кезінде майданға, қару-жарақ шығаратын зауыттарға жөнелтуді қамтамасыз ету сияқты толып жатқан ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстармен катар, жұмыс қолын табу, кадр іріктеу шараларын Ахаң абыроймен атқара білді. Аса жауапты қызметте ол қайраткерлік қырымен, терең білімімен көпке танылды. 1943-1950 жылдары Ахмет Әділов Шемонаиха мекеніндегі Николаевск полиметалдық руда басқармасының директоры, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік тау-кен істерін бақылау басқармасының қазақстандық кен істері округінің бастығы болғанда да қиянатқа бой алдырмай, әділет жағында жүрді.

Қазақстан шыққан тұңғыш тау-кен генералы Ахмет Әділов Қарағанды қала-

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН

ТҰҢҒЫШ ТАУ-КЕН ГЕНЕРАЛЫ



лық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстанның Жергілікті және отын өнеркәсібі министрі, халықтық бақылау комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Алматы қалалық кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ширек ғасыр республикамыздың Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, 11 жыл бойы Жоғарғы Кеңестің Жоспарлау және қаржы жөніндегі тұрақты комиссиясына төрағалық етті. СОКП XIX – XXIII съездерінің делегаты да болды.

Мемлекет үшін жауапты да маңызды лауазымды қызметтер атқарғанынан-ақ оның ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетінің, парасат-пайымының биік

болғанын бағамдауға болады. «Ахмет Әділұлы өз заманының аса көрнекті меңгерушісі болды десек, ол обден орынды айтылған болып шығар еді», – дейді экономика ғылымдарының докторы Талғат Әбдіразақов.

А.Әділовтің атап өтер айрықша қасиеті – жарамсақтықты жаны сүйемсітіндігі. Ол әрдайым тұрапқалдығы мен айналдасылдығының тәңгі еткен. «Жемнің аты – Әділ. Мен сол Әділдің баласы бола тұра, қалай әділетсіз болмақпын. Олай болуға азамат ретінде қарым жоқ» дейді екен. Расында, мемлекеттік дәрежедегі ақыл-ой иесі Ахаң бұқараның бақыты мен

баянды тірлігі үшін саналы ғұмырын сарп етті. Сөздің емес, істің адамы болды.

«Зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті» (Міржақып Дулатұлы) деген ұстанымдағы Ахмет Әділов Дінмұхамед Қонаев, Жұмабай Шаахметов, Нұртас Ондасынов, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Жұмабек Төшенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков сынды азаматтармен сыйласып, ел мүддесі үшін тізе қосып қызмет етті.

А.Әділов қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен ісінің генерал-директоры. Оған бұл атақ 1949 жылы берілген. Оның ерен еңбегі ескеруісіз қалған жоқ. «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбек Қызыл Ту»

№70 (1955)
17 мамыр, бейсенбі
2018 жыл

орденімен 3 мәрте (1957, 1966, 1971 жылдары) марапатталды. Қарағанды облысының және Алматы қаласының құрметті азаматы атанған Ахаң 87 жасында 1999 жылы дүниеден озды.

Осындай озық ойлы азаматтың еңбегін айрықшалап айтуымыздың өзіндік мәні бар. Өйткені, Аханның ересен еңбегі туған өлкесі – Сыр өңірінде соңғы жылдары ғана бағалана бастады. Былтыр Жаңақорған ауданына қарасты Шалқия кентіндегі №86 орта мектепке Ахмет Әділұлының есімі берілді. Алайда, әлі күнге дейін білім ошағына аты берілгендігі жөнінде салтанатты шара өткізілмей тұр. Бұған қоса, мектеп ғимараты күрделі жөндеуді қажет етеді. Сондықтан, Жаңақорған ауданының 90 жылдығында елін сүйген ер елеусіз қалмай, есімі берілген білім ордасының жөндеу көргені және салтанатты жиын өткені жөн болар еді. Сонымен қатар, Қызылорда қаласы мен Жаңақорған кентіне тұңғыш тау-кен генералының атына көше беріле, нұр үстіне нұр. «Өрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртұрар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», – деп Елбасы айтқандай, біз айтқан халықтың өтініштілегі ескеріле, кезінде «Шалқия» кенішін ашуға да аталысқан қайраткер Ахмет Әділовке жасалған құрмет ғана емес, өскелең ұрпаққа өнегелі тұлғаны танытатын ізгілікті іске айналыс хак.

Шағын ғана ауылдан шыққан зерек баланың мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтерілуі, атқарған қызметі ел жадынан өшпек емес. Алыстанған сайын биіктей түсетін тау секілді, ел игілігі үшін адал еңбек еткен Ахмет Әділұлының тұлғасы да уақыт өткен сайын асқақтай түсетініне шүбәміз жоқ.

Жанкелді ЫСҚАКОВ,
облыстық мәслихат депутаты.

МӘМС

САПАНЫ АРТТЫРАТЫН ЖҮЙЕ

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 80-қадамын іске асыру бағытында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу бойынша еліміздің барлық өңірінде қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатқаны белгілі. Оның ішінде біздің облысымызда да ауқымды шаралар атқарылады.

Атап айтқанда, «Медициналық сақтандыру қоры» құрылды және ведомстваралық іс-шаралар негізінде тұрғындардың әлеуметтік мәртебесін анықтау жұмыстары жүргізілді. Емдеу ұйымдарындағы «Тіркеген халық тіркелімі» (РІПН) электронды базасы бойынша түгіндеу жұмыстары қайта ұйымдастырылды.

Өткен жылдың 1 шілдесінен бастап медициналық сақтандыру қорына жарна аудару басталды. Елбасы тапсырмасына сәйкес, қазіргі уақытта бейресми жұмыспен қамтылғандар мәселесі бойынша нақты шаралар қабылданды. Бұл орайда, ҚР Үкіметінің бейресми жұмыспен қамтылғандарды заңдастыру және оларды ел экономикасына, тиісінше міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту жөнінде 2018-2019 жылдарға арналған Жол картасы әзірленді. Сонымен бірге МӘМС жүйесін енгізу мерзімі 2020 жылдың 1 қантарына шегерілуіне байланысты «Медициналық сақтандыру қорына» төленетін жарналар мен аударымдар бойынша көптеген өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістерге сәйкес жеке кәсіпкерлер 2017 жылдың шілде-желтоқсан айлары үшін жарна аударды да, 2018-2019 жылдар үшін босатылады. Алайда, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалық иелері жұмыс беруші ретінде қарамағындағы жалдамалы жұмысшылары үшін 2018-2019 жылдары 1,5 процент, 2020 жылдан бастап 2 процент көлемінде жарна аударды. Сондай-ақ, азаматтық-құқықтық келісім-шарт негізінде табыс табатын тұлғалар төлейтін жарна мөлшері төмендетілді. Бұл санаттағы азаматтар да 2018-2019 жылдары жарна төлеуден босатылып отыр, бірақ, 2020 жылдан бастап табыстың 1 проценті, 2021 жылы 2 проценті көлемінде жарна төлейді.

Жұмыс берушілер үшін медициналық сақтандыру қорына аударатын аударымдар мөлшері өзгеріссіз қалды. Тұрғындардың 14 санына немесе жекелеген санаттағы азаматтар үшін медициналық сақтандыру қорына жарнаны мемлекет төлейтін белгілі. Бұл төлемдер 2020 жылдан бастап жүргізіледі. Мемлекет анықтаған жекелеген санаттарға жатпайтын тұлғалар ең төменгі жалмақыны 3 процентін төлеу арқылы сақтандыру жүйесіне қосыла алады.

Барша тұрғындардың аул саулығын нығайту, медициналық қызмет сапасын арттыру, медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында еліміз бойынша енгізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жігі назар аударып, оның маңыздылығына мән бергені жөн. Өйткені, өз денсаулығымыз өз қолымызда.

Жалғасбек ҮСЕНОВ,
№3 қалалық емхана бас дәрігерінің ішкі бақылау жөніндегі орынбасары.

«БІЗ ВАКЦИНАЦИЯҒА – ИӘ ДЕЙМІЗ!»

2005 жылдан бері жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропада иммунитет ауаплығы өткізіліп келеді.

Барлық жастағы адамдарды аурулардан қорғауға жәрдемдесу, адам өмірінің барлық кезеңдерінде вакцинациялаудың пайдасы жөнінде халықты және медицина қауымын, оның ішінде денсаулық сақтау қызметкерлеріне оның маңыздылығы туралы БАҚ өкілдері арқылы хабардар ету мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысымен 2018 жылдың 23-29 сәуірінде Еуропалық иммунитет ауаплығы өтті. Шара «Сізді және сіздің айналасыңдағы адамдарды ауыр түрте өтетін аурулардан қорғау үшін вакциналар әрекет етуде!» ұранымен және ұлттық бағдарлама бойынша «БІЗ ВАКЦИНАЛАУДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!» атты тақырыбында ұйымдастырылған иммунитет ауаплығын берері мол болды.

Мемлекетімізде Ұлттық алдын ала ету кестесіне сәйкес 21 түрлі жұпалы ауруға қарсы алдын ала егулер жүргізіліп келеді. Жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егулер баланың дүниеге келген уақытынан бастап ересектердің 56 жасы дейінгі аралықтарында кестеге сәйкес жүргізіледі.

Вакцинация – бұл көптеген жұқпалы аурулардан қорғандың басты қаруы. Вакцина – ағзаның аурумен күресу қабілетін күшейтіп, ауруға қарсы иммунитет қабілетті көтере түседі. Вакцина егілгеннен кейін аға қорғаныс қабілетін күшейтіп, ауруға дайын болады. Жалпы вакцинацияның тәжірибесі енгізілуді нәтижесі сырқаттанушылықтың пайда болу жиілігінің төмендеуіне әкеледі.

Екпені қазіргі ата-аналардың барлығы дерлік біледі, вакцинациялау, бұл – балалар мен бүкіл халықты жоғарыда аталған жұқпалы инфекциялардан қорғаудың ең сенімді әдісі.

Б.ҚАРЫМСАҚОВА,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС маманы.

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру, өнімдерізде фитосанитариялық қауіпсіздік саласын одан әрі нығайтуға қажет етеді. Егіншілік мәдениетінің басты көрсеткіштерінің бірі – егіс алқабының зиянды организмдерден тазалығы. Айта кету керек, ауыл шаруашылығы дақылдарына зиянды организмдерден келетін шығын өте зор.

Облысымызда зиянкестердің ең қауіптісі, италиялық прус және азиялық шегіртке түрлері тіркелген.

Шегіртке тектес зиянкестер жылына бір ұрпақ береді. Шегірткелердің жұмыртқалары жер астында қыстап шығады. Бір шегіртке 2-3 дана күбіршік салады. Күбіршіктердің жұмыртқа саны италиялық пруста 35-45, ал, азиялық шегірткеде 55-120 данадан орналасады. Яғни, үйірлі шегіртке – зиянкестердің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, осы шегіртке дернәсілдерінің алғашқы жер бетіне шығуынан бастап, олардың өсу дәуірі 35-45 күнге созылады. Бұл кезең аралығында шегіртке

зиянкесі 5 жас дәуірінен (әр жас дәуірінің арасы 7-9 күн) өтеді.

ҚР АІШМ «Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» тарапынан ұсынылған, «Ерекше қауіпті және зиянды организмдерінің фитосанитариялық мониторингін» әдістемелік нұсқаулығына сәйкес, химиялық өңдеу жұмыстарын шегіртке зиянкесі дернәсілдерінің 2-3 жас өсу фазасынан бастап жүргізілгені дұрыс болады.

Облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы яғни, италиялық пруска – 65543 га, азиялық шегірткеге – 78849 га, барлығы, 144392 гектарға өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстарды мамырдың 25-нен маусымның 27-сі аралығында жүргізу жоспарлануда. Осы аталған зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарына 14 арнайы жер агрегаттары, 1 дана аэрозольді генератор, 4 жеңіл ұшақ (дельталыон), 2 ұшақ және 4 дана арқалайтын моторлы бүріккіштер,

барлығы 25 техника қатыстырылады.

Сонымен қатар, шегіртке тектес зиянкестерге қарсы мониторинг жұмыстарына «ФДЖБӨӨ» РММ облыстық, аудандық филиалдардан 28 автокөлік, 32 маман, келісім-шарт бойынша 26 зерттеуші қатыстырылады.

Жауапты мекемелер тарапынан, ауыл-шаруашылық және жайылымдық жерлерде шегіртке тектес зиянкестердің таралған аумақтарына химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу алдында, пестицидтердің (ұлы химикаттардың) қоршаған ортаға (бал арасы, балық және мал шаруашылығы), адам денсаулығына зияндылығын болдырмау үшін ауылдық округ әкімдіктеріне (жеке және заңды тұлғаларға) уақытылы хабарламалар берілетін болады.

Мұхан АНДЫБЕК,
ҚР АІШМ АӨК ММҚ облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктер қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы.

КАРАНТИНГЕ ЖАТАТЫН ӨНІМДІ ӘКЕЛУ, ӘКЕТУ, ТРАНЗИТТЕУ, ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК ТАСЫМАЛДАУ, ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ

Облысқа темір жол арқылы алыс-жақын шет мемлекеттерден және елімізден карантинге жататын көптеген өнімдер әкелінеді, әкетіледі және транзиттеледі.

Карантинге жататын өнімді әкелу, транзиттеу, ішкі мемлекеттік тасымалдау, тексеру тәртібі Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы №344-І Заңының 13-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ел аумағына карантинге жатқызылған өнімді әкелуге фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана рұқсат етіледі. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге мекеліп пунктте қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізіледі. Әкелілетін карантиндік өнімдерге бастапқы фитосанитариялық тұрғыдан бақыланатын және қадағаланады.

Карантинге жатқызылған өнімге келендік құжаттарды ресімдеу мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Импорттық және транзиттік карантинге жатқызылған өнім ҚР аумағы арқылы жабық немесе изотермиялық, ақаусыз және пломбаланған контейнерлермен, герметикалық орамдармен, вагондармен, автофургондармен, автофрежелерлермен және басқа да көлік құралдарымен тасымалдануға тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағында экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификаттарымен карантинге жатқызылған өнімді; карантиндік объектілер мен бөтен тұрғыр құжаттар карантинге жатқызылған өнімді; топырақты, тамыр жайған өсімдіктерді топырағымен қоса, өсімдік ауруларын қоздырушыларды – тірі санырауқұлақ өсімдіктерін, бактерияларды, вирустарды, сондай-ақ, өсімдіктерді

бүлдіретін жәндіктерді, кенелерді, нематодтарды, карантиндік арашоптер тұқымынан әкелуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының шет жерлерге фитосанитариялық сертификаттар, ел ішінде карантиндік сертификаттар болған жағдайда рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының карантинді аймағынан әкелілетін карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында басқа мекеңеге жіберуге тыйым салынады. Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған өніммен жүк операцияларын оның иесі мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау, қадағалау және міндетті карантиндік жетек тексеру жүргізілгеннен кейін карантиндік бақылау және қадағалау актісін алған соң өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Жоғарыдағы тасымалдау тәртібінің бұзылуына жол берген лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар өкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық қадағалауды жүзеге асыру, өсімдік және азық-түлік ресурстарын қорғауға, карантинді объектілерге қарсы күреске бюджет қаражатының болжанбаған шығындарына жол бермеуге, сондай-ақ, отандық өнімнің бәсекесі қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

А.ДОСЖАНОВ,
облыстық аумақтық инспекциясының «Қызылорда» ФБ бекетінің өсімдіктер карантині инспекторы.

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ ЗАҢСЫЗДЫҚА ЖӨЛ БЕРІЛЕЙДІ

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып айқындалды.

Елімізде оған қарсы күресу мәселесі күн тәртібінен түскен емес.

Заңда демократиялық негіздерді, мемлекетті басқаруды жариялылық пен бақылауды кеңейтуін, халықты мемлекет пен оның қурылымдарына деген сенімін нығайтуды, мемлекеттік міндеттерді атқаратын тұлғалардың риясыз адалдығы мен сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем төзеушілік» қағидатын қалыптастырудың шарттары белгіленді.

Бұл бағытта қузыры мемлекеттік атқарушы және құқық қорғау органдары тарапынан жүзеге асырылған шаралардың нәтижесінде елімізде сыбайлас жемқорлық сипатындағы бұзушылықтар айтарлықтай азайды.

Сондықтан, бұл кеселді мейлінше қысқа мерзім ішінде қоғамнан біржола аластату мақсатында, оған қарсы бүкіл қоғам болып белсенділік танытып, қарсы тұруымыз қажет.

Ә.ЕРДАЛИЕВ,
облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының статисті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ағымдағы жылдың 7 маусымында Энергетика министрі К.А.Бозымбаевтың өңірлерде видеоконференция байланысын қамтамасыз ету арқылы халық алдында есептік кездесуін өткізетіндігін хабарлаймыз.

Кездесу барысында Энергетика министрі Министріліктің қызметі, мұнай-газ, мұнай-газ-химия, көмір, уран, электр энергетикасы және қоршаған ортаны қорғау салаларының даму жоспарлары туралы байандайды және сурақтарға жауап береді.

Есептік кездесу 2018 жылғы 7 маусымда сағ. 15.00-де Астана қаласында Д.Қонаев даңғылы, 4, «Қазмедиа орталығы» ғимараты, Киноконцерт залында өткізіледі.

Видеоконференция байланысы 2018 жылғы 7 маусымда сағ.15.00-де Қызылорда қаласындағы Бейбарыс сұлтан көшесі и/а, «Облыстық мекемелер үйі» (облыс әкімдігі), 3-қабат мәжіліс залының «Г» блогында өткізіледі.

Сурақтар және ұсыныстар туындаған жағдайда мына телефон нөмірлері бойынша хабарласуды 8(7172) 786862, 786958, 786884, 786887, 786886 немесе электрондық мекен-жайға a.atantseva@energo.gov.kz, u.akhmetova@energo.gov.kz жолдауыңызды құраймыз.

Сонымен қатар, проблемалық мәселелерді Энергетика министрілігінің сайтындағы «Энергетика министрлігінің халық алдында есептік кездесуі форумды» тапсылауға болатындығын хабарлаймыз: <http://www.energo.gov.kz>.

ҚР ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРІ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗЕДІ

2018 жылғы 13 маусым күні сағат 15.00-де ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Дархан Қалатаевтың халық алдындағы есептік кездесуі өтеді.

Министр есептік кездесуінде ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрілігінің өткен жылғы атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы айтады. Сондай-ақ, есептік кездесу барысында түскен халықтың сұрағына жауап береді. Өңір тұрғын-ауылдың онлайн-режимінде сұрақ қоюлары үшін бейнеконференция бойынсы жүйесі қамтамасыз етілетін бо-

лады. Министрдің халық алдындағы есептік кездесуі тікелей эфир арқылы www.bnews.kz интернет-порталында көрсетіледі.

Өтетін орны: Астана қ., Д.Қонаев көшесі, 4, «Қазмедиа орталығы» ғимаратының киноконцерт залы.

ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрілігінің қызметіне қатысты сауалдар мен ұсыныстарды тұрғындар k.kense@diakom.gov.kz электрондық пошталасқа немесе 8 (7172) 74-18-48, 8 (7172) 74-18-68 телефондары үшін бейнеконференция бойынсы жүйесі қамтамасыз етілетін бо-

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 10.05.2018 жылғы №65-22/1142 санды дәлелді қорытындысы негізінде 2018 жылдың 1-ші маусымынан бастап «Энергосервис» ЕЖШС-ның электр энергияға тарифтерінің төмендегендігі туралы хабарлайды.

- Орташа босату тарифі – 17,696 теңге ҚҚС-мен;
- Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 16,2064 теңге ҚҚС-мен.
- Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрлипиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф бекітілген:
 - 1 – деңгей 70 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,0976 теңге ҚҚС-мен;
 - 2 – деңгей 70-тен 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,4432 теңге ҚҚС-мен;
 - 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,3152 теңге ҚҚС-мен.
- Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрлипиталарын пайдаланатын жеке тұлғал

БОЛЖАМ

Американдық физик, футуролог (болашаққа болжам жасаушы), Нобель сыйлығының лауреаты Митио Каку бүкіл ғаламның, яғни ғарыштық кеңістіктің қалай құрылғанын түсіндіретін теория авторы ретінде танымал. Әлемге әйгілі ғалым сонымен бірге адамзаттық болашақта қандай өзгерістер күтіп тұрғаны туралы тақырыпта әртүрлі аудиторияларда баяндамалар жасап, көпшіліктің көңілінен шығып жүр.

Ол былтыр Ресейде өткен «Ашық инновациялар» форумына қатысып, журналистер тарапынан қойылған сан түрлі сауалдарға жауап берген болатын. Солардың бірқатарын ықшамдап аударып, оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

– Адамзатқа цифрландыру технологиясы не әкеледі – жана қауіптер ме әлде жана мүмкіндіктер ме?

Жаңа технологияның дамуы туралы айтқанда тәуекел әр уақытта болатынын ескеру қажет. Алайда, қалай болғанда да оларды пайдаланудың қоғам үшін пайдалы болары анық. Цифрлық трансформация қазіргі капитализмнің қарама-қайшылықтарын жоюға көмектесіп, оның тиімсіз тұстарынан, өндіруші мен тұтынушының арасында болатын, бизнес процесте қажетсіз, ешқандай құндылығы жоқ делдалдардан құтылудың мүмкіндігін алып келеді деп сенемін.

– Сандық технология тауарларды тұтыну мен қызмет көрсетуі қалай өзгертеді?

– Негізгі өзгеріс үйренішті капитализмнен жетілдірілген капитализмге өтуімен байланысты болады. Капитализмнің классикалық жүйесінде бағаны ұсыныс пен сұраныс анықтайды. Бұл жүйе Адам Смиттің кезінде жаман жұмыс істеген жоқ. Онда тұтынушылар қолжетімді тауарлардың бағам көпшілігінің бағасы қалай құраатынын біле алатын. Ал қазіргі күні біз көп жағдайда тауарлардың өзіндік құны туралы ештен айтпаймыз, өйткені, жетілмеген және әділетсіз капитализмнің арқасында сатып алып қайта сататын делдалдар ғана ұтысқа ие болады. Ал жетілген капитализмге ауысуға жана техникалық интелектуалды қондырғылар көмекке келеді.

Елестетіп көріңіз, адам дүкенге барарда киетін контактілі линза болады. Ол линзаны киіп алып, тауарға қарайды, «ақылды линза» тауардың бағасын, сапасын, басқа сәуада орталықтарындағы осындай тауарлардың бағасымен, сапасымен салыстырып, қай жерден нені сатып алу жөнінде сол мезет ақыл-көнесін береді. Сатып алушы әп-сәтте өзін қызықтырған тауар жөніндегі барлық пікірлерді қарап шығып, ол туралы қажетті ақпараттың барлығына қол жеткізе алады. Мұндай қондырғы әрбір тұтынушының рынокты жете білетін сарапшыға айналдырып шығарады. Ұсыныс пен сұраныс идеялы түрде бір-біріне сай келетін болады. Демек, капитализмнің жетілген түрі жұмыс істей бастайды.

– Мұндай қондырғылар көмегімен тек тұтынушы ғана ұтысқа ие бола ма, әлде бизнесмендер де ұтысқа шыға ма?

– Қажетсіз делдалдардан басқалардың барлығы да. Тұтынушылар төмен бағамен сапалы тауарға қол жеткізеді. Өндірушілер тауарды көптеп сата алатын болады. Басты себебі, ретейлерлер қоныссыз үстеме баға қоюды доғарады, техникалық қондырғыларынан «мол ақпаратты» сараптап, әрбір тұтынушысының портретін анық көре алады. Олар тұтынушыларға қосымша құндылықтар жасау үшін жана технологиялар толқынын ұстап қалып, өздерінде қалдыруға тырысады. Ал тым жоғары баға жоқ, үлкен аудиторияға арналған жарнамалар көмекке кетеді.

Бүгінде Airbnb және Uber секілді сервис-тер иемен айналысады? Қажетсіз делдалды жоюмен айналысады. Нәтижесінде одан барыш жоғару ұтады. Өйткені, тұтынушылар рыноктан жана құндылықтарды таңдай алады, ал өндірушілер тұтынушылардың талап деңгейінің өсіп келе жатуына орай тауарлар



МИТИО КАКУ: БОЛАШАҚТА БҮГІНГІ БІРАЗ МАМАНДЫҚТАР ЖОЙЫЛАДЫ

мен қызмет сапасын үнемі көтеріп отыруға мәжбүр болады.

– Қазірдің өзінде технологиялардың дамуы жақын болашақта ондаған мамандықтың жойылуына әкеп соғады деген болжам жасалуда. Бұл қоғам үшін қатер ме, әлде жақсылық па?

Жойылатындар қазірдің өзінде пайдалануға аз сол делдалдық мамандықтар. Мәселен, техникалық қондырғылар біліктілігі төмен дәрігерлерді алмастыратын болады. Егер сіз танерген ұйқыдан тұрғанда өзіңізді жай-сыз сезінсеңіз, төсекте жатып-ақ виртуалды докторыңызға қаралуыңызға болады. Сізге ешқайда барудың қажеті жоқ, тіпті арнаулы тетіктерді де басып жатпайсыз. Рободоктор «Қай жеріңіз ауырып тұр?», «Қайтп ауырып тұр?» сияқты басқа сұрақтар қойып, содан соң өзінің бай базасына сүйеніп, диагноз қояды. Мұндай рободарігер арнайы сенсорлар арқылы ДНК құрамын тексере алады, инфрақызыл камерасы арқылы қызуыңызды өлшеп, кейбір сараптама түрлерін жасап береді. Ал бұдан күрделі жағдайларда ғана нағыз дәрігерге көрінесіз. Осындай жасанды интелектің қолдануға құралған жүйелер медицинаны алға бастырып, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

– Кейбір мамандықтар қазірдің өзінде көз алдымызда жойылууда. Мәселен, ресейлік ірі банк басылығы 3 мыңдай зангерлі қысқартпақ, оларды бағдарламалық кешендер алмастыратын болады.

– Зангерлердің алғашқы кезекте болуы өте орынды. Бүгінде әлемде арыз, шағым жазу секілді қалыптасқан, күнделікті орындалатын жұмыстарды атқаратын ондаған робозангерлер жұмыс істеуде. Бұл енді қайтарымыз процесс.

Дегенмен, адамдарды роботпен алмастырғанда ойланбай қадам жасаудан сақтандырғым келеді. Бүгінде көптеген банктерде жоғары жалақы алатын қаржы сарапшыларын жалақы сұрамайтын алгоритмдерге алмастыру туралы пікірлер пайда болуда. Алайда, алгоритмдер адамдарды толыққанды алмастыра алмайды – олар тек басылық шешім қабылдау кезде мол ақпарат қосыммен ғана көмек көрсетеді. Сол секілді, жоғарыда айтып кеткен рободарігерлер де дәрігерлерді алмастыра алмайды, тек көмегін тигізетін бо-

лудие салсаңыз, ол сіздің орныңызға өмір сүріп, сіздің мінез-құлқыңыздың негізінде дамып, адамдармен байланыс нәтижесіндегі әсерлерімен естеліктерді толтыра береді.

– Мұның бәрі енді ғылыми фантастика саласына жататын секілді. Ал енді осы айтылғандарды біздің көретініміз анық па, әлде болашақ ұрпақ көре ме?

– Жиырма жыл бұрын интернет өмірімізде дәл осылай орын алады деп ойлап па едік. 15 жыл бұрын бүгінгі адамдар смартфондарынан ажырамастай болатынын, үнемі оның көмегіне жүгінетінін тіптен болжаған жоқпыз. Жана мүмкіндіктердің пайда болуы жана шешімдерге қатысты емес. Бұлардың көпшілігін футурологтар әлдеқашан болжап қойған болатын.

Әлемнің өзгеруіне технологиялық мүмкіндіктердің өсуі де өзіңдік үлес қосуда. Мәселен, процессорлардың өнімділігі әрбір 18 айда екі еселеуде. Бұл жағдайда Мурз дейін да алғашқы уақытта жұмыс істемей қалады. (Intel-дің негізін салушы Гордон Мур интернетралды схемада орналасқан транзисторлар саны әрбір екі жыл сайын өзгертетінін байқаған. Ол Мур заңы деп аталады). Енді кремний дәуірі аяқталып келеді. Біз ақпарат таратушы жана дүниелерді игеретін боламыз. Қоғамды цифрландыру басталды. Ол біздің көз алдымызда жүзеге асуда, енді бұл процесті кері қайтара алмаймыз.

ДОКТОР КАКУДЫҢ БОЛАШАҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМДАРЫ

Енді сегіз жылдан кейін автокөліктер өзімізмен жүріп, адамдар сауда-саттықты үйде отырып жасай беретін болады. Тек төлем карточкасына өзінің салмағын, бойының өлшемін енгізіп қойса болғаны, сол өлшемге сай үйге дүкеннен тікелей киім жеткізіледі. Тіпті, сыйлықты да сатып алудың қажеті болмайды, өйткені ғалымдар ойлап тапқан 3D принтері арқылы интернеттен жіберген сыйлықты шығарып алудың мүмкіндігі бар дейді «Болашақ физикасы», «Мүмкін емес физика» кітаптарының авторы Митио Каку.

Тағы бір үлкен жетістік медицина саласын күтіп тұр. Енді 18-23 жылдан кейін адам органдарын био-пластиктерден жасап шығару қарапайым іске айналады деп күтілуде. Көптеген ауру түрлері жойылып, азғанын жағдайы нанокомпьютерлер арқылы қадағаланатын болады. Науқастың жағдайын білу үшін қан алып, түрлі талдауларды жүргізудің де қажеттілігі қалмайды. Дәрігерлер арнайы чип орналастырылған дәріні емделуге беру арқылы, өзінің денсаулығын өз бақылауларына толықтай алады.

2027 жылға қарай адамдардың мынанан естеліктері мен әсерлерін Желіге көшіріп алуға, оны басқалардың мына қондыру мүмкіндігіне қол жеткізіледі. 2029 жылға қарай роботтар адамдармен салыстырғанда, қай жағынан болса да ақылды болады. Бірақ, олар бізден білікті алып қояды деп қорқудың қажеті жоқ. Доктор Каку олардың мықты болатынын, бірақ та тек белгілі бір тапсырмаларды ғана орындайтын «жәндіктер интелекті» түрінде қалатынын айтады. 2040 жылдарға қарай нанотехнология бағдарламасы бойынша жанадан зат шығарып, оның формасын өзгертуге мүмкіндік береді.

2050-2060 жылдары Марсты қоныстану басталады. Жеке компаниялар бұл ғалам-шарда елді мекендер тұрғызып, ол жаққа барғандар Жердің көмегісіз өмір сүре алатын болады. Ал, 43-83 жылдар аралығында адамдар мүлдем жұмысқа бармайды. Арнайы көзділдіркітер арқылы басып-алықпен және өрістестермен тікелей байланыса шығып, тапсырмаларын үйде отырып-ақ орындауға мүмкіндік тұмақ. Тіпті, 2100 жылы адам мен роботтардың деңгейі теңестіріледі. Бүгінгі компьютерлер де ол уақытта дейін жоғалады, яғни, керексіз болып қалады. 100 жылдан кейін Жерде дүниежүзілік ортақ Үкімет болады, оның шешімдері ұлттық биліктердің шешімдерімен маңызды болмақ дейді Каку мырза.

Міне, американдық ғалымның болжамдары осындай. Оған сену-сенбеу, әрине, өз еркімізде.

Әзірлеген **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,**
«Сыр бойы».

СЕРГЕК

БАБЫ КЕЛІСКЕННІҢ, БАҒЫ ЖАНАДЫ



Ел атынан сынға түскен қызылордалық дзюдошылар Азия чемпионатынан 3 медаль иеленді. Ливан елінде дзюдодан жасөспірімдер мен жастар арасында өткен чемпионатта қазақ елінің спортшылары сәтті өнер көрсетті. Жасөспірімдер арасында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 1-орынды алса, жастар құрамасы 3-орынға қол жеткізді.

Сыр елінің түлектері Құндыз Жылқыбай мен Нұрдіәлет Аманқосов жекелей сында күміске ие болды. Ал, 44 келі салмақта сынға түскен Алия Сайын 2-орынды еншіледі. Олар Жалантос баһадүр атындағы облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың және №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің спортшылары.

Алдағы уақытта Қ.Жылқыбай мен Н.Аманқосов халықаралық жарыстарға дайындалса, А.Сайын қазан айында Босния елінде өтетін Әлем чемпионатында бағын сынаиды.

Дзюдошыларды бапкерлер Қален Қалиұлы, Жанарбек Сансызбаев, Ршпат Бурлов, Рамазан Мұстафаев, Тұрар Баймаханов және Қайрат Баженов дайындады.



Футболдан Қазақстан Премьер лигасының кезекті түр ойындары өтті. «Қайсар» сырт алаңда Петропавлдың «Қызылжар» командасымен кездесті. Мұның алдында екі ойында айқын жеңіске жетіп, жанкүйерлерін қуантқан қайсарлықтар бұл жолы бір ұпайды қоржынға салды.

Бұған дейін «Тобыл» мен «Шахтерді» 3:0 есебімен жеңген жерлес-тер теріскейдегі матчқа көтеріңкі көңіл-күймен барды. Ал, Премьер лигаға биыл ғана қосылған петропавлдық команда үшін әр ойында ұпай еншілеу маңызды еді. Сондықтан, алаң иелері кездесу басталысымен шабуылға басымдық беріп, сәт сайын қонақтар қақпасына қауіп төндірумен болды.

Алайда, бұл күні қайсарлық қақпашы Марсель Исламқұлов асқан шеберлік танытып, соңғы шепте өте сенімді ойнады. Қайсарлықтар да сауатты қорғанып қана қоймай, қарымта шабуылдармен жауап қайтаруға тырысты. Кездесудің 32-минутында Франк Джа-дже-дженің басып бағыттаған соққысы қақпадан сәт кысып кетіп, оңтайлы сәтті мұт жібепіп алды.

Екінші таймда «Қызылжар» қарқынмен үдетіп түсті. Матчтың аяқталуына санауды минуттар қалғанда Братислав Пунашевца «Қайсар» қақпасынан сындылау тапқан болатын, алайда сериялық шабуылшы ойыннан тыс қалғандықтарын төрешілер голды есептемеді. Осылайша, тең есеппен қайсарлықтар бір ұпай еншілеп қайтты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық Кодексінің 57-бабының және ҚР ҚОКМ-і 07.05.2007 ж. №135-п бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережелерінің» 9-пунктінің талаптарымен орындауда «Қазгермұнай» БҚ» ЖШС «Орталық Ақша-бұлақ мұнайлы кенішін игеру бойынша» арналған «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық пікірлердің есебін жүргізуудің түрі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылыққа хабарлан, қоғамдық тыңдау өткізу жолымен анықталады.

Қоғамдық тыңдау 2018 жылы 14 маусым күні сағат 11.00-де мына мекен-жай бойынша: Қызылорда қаласы, А.Тоқмағанбетов көшесі 19, «Қызылорда» қонақ үйінің конференц-залында өткізіледі.

Нысандар бойынша ақпарат алуға және өз пікірін білдіруге барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мүмкіндік беріледі.

Материалдар электронды түрде орналасқан Интернет-ресурс мекен-жайы: www.tabigat.e-kyzylorda.gov.kz.

«Қазгермұнай» БҚ» ЖШС
(жобалаушы – «Каспиймұнайгаз» ГЗН» ЖШС).

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

БЕСАРЫҚТЫҢ БОЙЫ БІЛІМДІЛЕР БЕСІГІ



Өткен жылы аймақ жастары ұлттық бірыңғай тесті бойынша биік нәтижеге көтеріліп, осы негіздің арқасында мектеп түлектерінің 97 пайызы жоғары және арнаулы оқу орнына оқуға түсті. Облыс бастышының тікелей қолдауымен осындай озық үлгі қалыптасты. Міне, мұны облыс тарихындағы теңдессіз табыс десе болады.

Әрине, жақсы істің жаршысы бәрімізді қуантты. Өйткені, бұл бірлескен істің берекесі, көптің маңдай тері екені айқын. Бұл жерде ел ішінде «Талды су» лагері аталып кеткен, шын мәнінде, Бесарық ауылындағы облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының үлесі орасан деп ойлаймын. Себебі, орталықтың әрбір жүйелі жұмысына мектеп түлектері мен ұстаздары дән риза, білім беру сапасына, тынығу мен санаға жеңе рухани әлеміне тит күш сыйлар тамаша жетістіктері көптің көңілінен шығып келеді.

Баланын еркін білім алуына барлық жағдай жасалған. Жайлы жатын орынан бас-



тап, тамактануы, демалысы, үйірмелер, мол көрі бар кітапхана, түрлі сахаттық сапары, тіпті орталық ауласының аспан асты көрмелері, көркейтү көркемдігі, эстетикалық әсемдік безендірілуі әрбір оқушының танымдық көзін ашады, ерекше әсер сый-лады. Сондықтан болар, орталыққа деген қызығушылық артып отыр. Бұл орайда, орталық директоры Үмбетолі Абибуллаевтың ұйымдастырушылық қасиеті, жақсы істерге баулу мақсатындағы ізденістері, оның сүрет-шілік шеберлігі өз нәтижесін берді. Қазір гүлденген, нұрланған, кемелденген орталық елдің мактанышы.

Быыл 4 ауысымда Қызылорда және Байқо-нұр қаласы, Қармакшы, Жалағаш аудандарынан келген оқушылар білімін шыңдады. Олар үшін Бесарықтың бойы білімділер бесігіне айналды.

Әрине, біздің бірінші міндетіміз сапалы білім беру екені белгілі. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындауда ұлағатты ұстаздардың жемісті жұмысы баршылық. Әсіресе, Қызыл-орда қаласы №7 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлжанат Кенжалиеваға басымдық бергім келеді. Өйт-кені, Гүлжанат Абатқызының дәріс оқу

әдебі, оны оқушы санасына сіңіру әдістемесі өте әжекті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына сай ізденіс жұмыстары, кітаптан тыс тапсырмасы оқушы үшін пайдалы. Сол секілді білімді ұрпақ тәрбиелеуде №43 және №38 орта мектеп-тің жоғары санаттағы мұғалімдері Паридаш Шайықова мен Гүлнұр Едігеева тек бала бағбаны емес, шәкірт жүрегінде жазылған жай-саң жандар. Ал, тәрбиешілер Наушат Биға-былов пен Нұржан Асқаровтың тәрбиелік жұмыстары да сана серпілісіне оң қадам қосып отыр. Жалпы, бізде 10 күн ішінде біршама бағдарламалық курс жүргізіледі. Осы қысқа уақытта «қайталау – білім анасы» дегендей, ұмытқанын жадында жаңғыртып, оқушы натысы оянады. Сондықтан орталық мүмкіндігін пайдалану тәсілеу сынағына тын серпінімен баруға жол ашады. Бір сөзбен айтқанда, биылғы жылы да мектеп түлектері межелі біктен шыкса, еңбектің қайтқаны деп білемін.

Бибіәуре ҚАЙКЕНОВА,
орталықтың кітапханашысы.

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” – ақылы қызмет.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Меншік иесі



**жауапкершілігі
шектелуі
серіктестігі**

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Таралымы 30315
Тапсырыс №746